

Масс-медиа туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 19 маусымдағы № 93-VIII ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 70-б. қараңыз.

Қолданушылар назарына!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

Осы Заң масс-медиа саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, олардың құқықтық негіздерін белгілейді және сөз бен шығармашылық бостандығына конституциялық құқықты қамтамасыз етуге бағытталған.

1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) абонент – телерадио хабарларын тарату операторымен телерадио хабарларын тарату қызметтерін алуға шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға;

2) аккредиттеудің оңайлатылған тәртібі – аккредиттеу картасын беру арқылы бұқаралық ақпарат құралдарын және олардың журналистерін (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін) аккредиттеудің автоматтандырылған процесі;

3) ақпараттық егемендік – ақпараттық күн тәртібін қалыптастыруда Қазақстан Республикасы азаматтарының қоғамдық-саяси дербестігін айқындайтын Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігінің тәуелсіздігі;

4) балалар теле-, радиобағдарламасы – 12 жасқа дейінгі балаларға арналған, осы жастағы топқа тән сюжеті бар теле-, радиобағдарлама;

5) бас редактор (редактор) – бұқаралық ақпарат құралының редакциясын басқаратын және бұқаралық ақпарат құралының өнімін шығаруға және таратуға тиісті өкілеттіктері бар жеке тұлға;

6) бұқаралық ақпарат құралы – мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, интернет-басылым;

7) бұқаралық ақпарат құралын таратушы – бұқаралық ақпарат құралының өнімін оның меншік иесімен, баспагермен арадағы шарт бойынша немесе өзге де заңды негіздерде таратуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

8) бұқаралық ақпарат құралының өнімі – мерзімді баспасөз басылымының немесе аудиовизуалды туындының жекелеген нөмірінің таралымы немесе таралымының бір бөлігі, теле-, радиобағдарламаның жекелеген шығарылымы, сондай-ақ интернет-басылымда орналастырылған ақпарат;

9) бұқаралық ақпарат құралының редакциясы – бұқаралық ақпарат құралының материалдарын жинауды, әзірлеуді, шығаруды және таратуды жүзеге асыратын жеке тұлға не заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын шығармашылық ұжым;

10) білім беру теле-, радиобағдарламасы – мазмұны телекөрсетісменді немесе радиотыңдаушыны ғылымның, мәдениеттің, өндірістің, өнердің және әлеуметтік өмірдің қандай да бір саласындағы нақты білім жүйесінде оқытуға бағытталған, адамдардың көпшілік тобына арналған теле-, радиобағдарлама;

11) бірыңғай медиаплатформа – мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыруға арналған ақпараттық жүйе;

12) дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын таратушы – телерадио хабарларын тарату саласында лицензиясы бар және Қазақстан Республикасының аумағында меншікті спутниктік хабар тарату жүйелері бар телерадио хабарларын тарату операторларының қызметтеріне шартты қолжетімді карталарды, телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радиосигналын жеке-дара қабылдауға арналған жабдықты тарататын жеке немесе заңды тұлға;

13) дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғысы – теле-, радиосигналды жеке-дара қабылдауға арналған жабдық;

14) дыбыстық сүйемелдеудің көпарналы берілуі – абонентке көру тілін таңдауға мүмкіндік беретін, телебағдарламада екі және одан да көп дыбыстық сүйемелдеудің берілуі;

15) еркін қолжетімді теле-, радиоарна – көру құқығы үшін ақы алынбай адамдардың шектеусіз тобына цифрлық эфирлік және спутниктік телерадио хабарларын тарату арқылы таратылатын теле-, радиоарна;

16) журналист (бұқаралық ақпарат құралының өкілі) – бұқаралық ақпарат құралының редакциясымен еңбек немесе өзге де шарттық қатынастар негізінде бұқаралық ақпарат құралы үшін хабарлар мен материалдарды жинау, өңдеу және әзірлеу қызметін жүзеге асыратын жеке тұлға;

17) журналисті (бұқаралық ақпарат құралының өкілін) аккредиттеу – журналисті тағайындау рәсімі және оның өкілеттігін мемлекеттік органның және (немесе) ұйымның тануы;

18) журналистің ерекше мәртебесі – журналистің құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, ақпаратты іздеу, сұрату, алу және тарату кезінде кеңейтілген құқықтарды, сондай-ақ осы Заңда белгіленген өзге де ерекше құқықтарды көздейтін журналист мәртебесі;

19) көпарналы хабар тарату – теле-, радиоарналар топтамаларын таратуға арналған телекоммуникациялық жүйе;

20) масс-медиа – бұқаралық ақпарат құралы және интернет-ресурс;

21) масс-медиа мониторингі – масс-медиа өнімін жинау және оны Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуы тұрғысынан, сондай-ақ қоғамның адамгершілік тұрғыдан дамуына зиян келтіруі және жалпыадамзаттық, ұлттық, мәдени және отбасылық құндылықтарды бұзуы тұрғысынан талдау процесі;

22) масс-медиа өнімі – бұқаралық ақпарат құралының өнімі, сондай-ақ интернет-ресурста орналастырылған ақпарат;

23) масс-медиа өнімін тарату – мерзімді баспасөз басылымдарын сату (жазылу, жеткізу, үлестіру), теле-, радиобағдарламаларды, аудиовизуалды туындыны эфирге шығару, телекоммуникациялардың техникалық құралдарын пайдалана отырып және телекоммуникация желілерінде теле-, радиобағдарламаларды тұтынушыға дейін жеткізу, сондай-ақ ақпаратты интернет-басылымдарда немесе интернет-ресурстарда орналастыру;

24) масс-медиа саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – масс-медиа саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

25) мемлекеттік ақпараттық саясат – мақсаттары ақпараттық егемендікті нығайту және қорғау болып табылатын, мемлекет пен қоғам мүдделерін қанағаттандыратын ақпаратты жасауға және таратуға бағытталған мемлекеттік шаралар кешені;

26) мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралы – жарғылық капиталында мемлекетке тиесілі елу пайыздан астам дауыс беретін акциялары, жарғылық капиталына қатысу үлестері, пайлары бар бұқаралық ақпарат құралы;

27) мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралы – жарғылық капиталында мемлекетке тиесілі елу пайыздан кем дауыс беретін акциялары, жарғылық капиталына қатысу үлестері, пайлары бар бұқаралық ақпарат құралы;

28) мерзімді баспасөз басылымы – тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және үш айда кемінде бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, олардың қосымшалары;

29) міндетті теле-, радиоарна – цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату желілерін және телекоммуникация желілерінде телерадио хабарларын таратуды қоспағанда, уәкілетті орган бекіткен тиісті тізбеге кіретін, Қазақстан Республикасының аумағында көп арналы хабар тарату арқылы таратылуға міндетті теле-, радиоарна;

30) отандық теле-, радиоарна – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген телерадиокомпаниялар құрған теле-, радиоарна;

31) отандық теле-, радиобағдарламалар – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде жүзеге асыратын телерадиокомпаниялар немесе жеке және заңды тұлғалар жасаған теле-, радиобағдарламалар;

32) өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырыс – өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтерді бюджет қаражаты есебінен көрсетуге арналған тапсырыс;

33) порнографиялық және арнайы жыныстық-эротикалық сипаттағы кино, бейнеөнім – моральдық құндылықтарға сәйкес келмейтін, адамның ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорлайтын жыныстық қатынастың натуралды түрде, егжей-тегжейлі тіркелуі не жыныстық әуестіктің қозуына немесе жыныстық қажеттіліктерді қанағаттандыруға ықпал ететін жыныстық қатынас процесіндегі жалаңаш гениталийлерді көрсету;

34) ресми хабар – "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленген ақпарат иеленуші масс-медиа арқылы беретін және (немесе) тарататын ақпарат;

35) республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырыс – мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылатын, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтерді бюджет қаражаты есебінен көрсетуге арналған тапсырыс;

36) ретрансляция – телекоммуникациялардың техникалық құралдарын пайдалана отырып және телекоммуникация желілерінде теле-, радиобағдарламаларды, теле-, радиоарналарды қабылдау және бір мезгілде не жазып алып тарату;

37) спутниктік телерадио хабарларын тарату операторлары шығындарының бір бөлігін субсидиялау – телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторын қоспағанда, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің тұрғындарын отандық спутниктік құрылғылар қызметтерін пайдалануға ынталандыру мақсатында, спутниктік телерадио хабарларын тарату операторлары шығындарының бір бөлігін өтеуге бағытталған, бюджеттен төленетін қайтарымсыз төлемдер;

38) субтитрлер – телебағдарламада қамтылған ақпаратты телебағдарлама түпнұсқасының дыбыстық сүйемелденуін мәтінмен қайталау арқылы тарату тәсілі;

39) телевизиялық абоненттік жалғама – абоненттің цифрлық телевизиялық сигналды қабылдауына арналған жеке техникалық құрал;

40) теле-, радиоарна – кейіннен трансляциялау және (немесе) ретрансляциялау үшін хабар тарату кестесіне сәйкес қалыптастырылған теле-, радиобағдарламалар мен аудиовизуалды туындылардың, сюжеттер мен материалдардың жиынтығын білдіретін бұқаралық ақпарат құралы;

41) теле-, радиоарналар топтамасы – телекоммуникация желілерінде көп арналы хабар тарату арқылы тарату үшін телерадио хабарларын тарату операторы қалыптастырған теле-, радиоарналар жиынтығы;

42) теле-, радиобағдарлама – тиісті атауы, хабар тарату көлемі бар және теле-, радиоарнаның басқа бөліктеріне қарамастан пайдаланылуы мүмкін теле-, радиоарнаның мазмұны жағынан аяқталған бөлігі;

43) телерадиокомпания – теле-, радиоарнаны есепке қою туралы куәлік алған, теле-, радиоарнаның меншік иесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға немесе оның филиалы (өкілдігі);

44) телерадио хабарларын тарату – телекоммуникациялардың техникалық құралдарын пайдалана отырып және телекоммуникациялар желілерінде теле-, радиоарналарды ашық немесе кодталған түрде абоненттің жария қабылдауы үшін қалыптастыру және (немесе) тарату;

45) телерадио хабарларын таратудың техникалық құралдары – теле-, радиоарналар мен теле-, радиобағдарламалар жасауды, қалыптастыруды, таратуды және (немесе) қабылдауды қамтамасыз ететін радиоэлектрондық құралдар мен қабылдайтын-беретін техникалық құрылғылар жиынтығы;

46) телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісі – мемлекет меншігіндегі, Қазақстан Республикасының аумағында теле-, радиосигналдарды таратуды қамтамасыз ететін телекоммуникациялардың техникалық құралдарының және телерадио хабарларын таратудың жүйесі;

47) телерадио хабарларын тарату қызметі – теле-, радиобағдарламаларды қабылдау, өңдеу, сақтау, беру, абонентке дейін жеткізу;

48) телерадио хабарларын тарату операторы – теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензия алған жеке немесе заңды тұлға;

49) трансляция – телекоммуникациялардың техникалық құралдарын пайдалана отырып және телекоммуникация желілерінде теле-, радиоарналардың сигналын бастапқы тарату;

50) тілшілер қосыны – бұқаралық ақпарат құралы редакциясының функцияларын және осы бұқаралық ақпарат құралы үшін ақпараттық хабарлар және (немесе) материалдар жинауды, сақтауды, жасауды (әзірлеуді), сондай-ақ оның өнімін таратуды жүзеге асыратын заңды тұлғаның оқшауланған құрылымдық бөлімшесі;

51) хабар тарату кестесі – хабар таратудың бағдарламалық тұжырымдамасының нақты кезеңдегі негізгі бағыттарын көрсететін теле-, радиобағдарламалардың тізбесі, реттілігі, атауы, эфирге шығу уақыты;

52) цензура – масс-медианың хабарлары мен материалдарын мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен және өзге де ұйымдармен олардың талап етуі бойынша немесе өзге де негіздер бойынша хабарлар мен материалдарды не олардың жекелеген бөліктерін таратуды шектеу немесе оларға тыйым салу мақсатында алдын ала келісуі;

53) шартты қолжетімді карта – дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларының сәйкестендіргішін қамтитын, абоненттің телерадио хабарларын тарату операторының қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін құрылғы;

54) шартты қолжетімді теле-, радиоарна – көру құқығы өтеулі шарт негізінде қамтамасыз етілетін, телерадио хабарларын тарату операторлары Қазақстан Республикасының аумағында адамдардың шектеусіз тобына тарататын теле-, радиоарна;

55) эротикалық сипаттағы өнім – гениталийлерді қоспағанда, адамдардың сексуалдық қатынастарын, адам денесінің ұятты тұстарын көрсететін және порнография элементтерін қамтымайтын баспасөз басылымы;

56) эфирге шығу – аналогтік және цифрлық электромагнитті жүйелерді пайдалана отырып, теле-, радиобағдарламаларды, аудиовизуалды жазбаларды трансляциялау.

2-бап. Сөз бен шығармашылық, ақпаратты алу және тарату бостандығы

1. Сөз бен шығармашылық бостандығына Қазақстан Республикасының Конституциясы кепілдік береді. Цензураға тыйым салынады.

2. Әркімнің заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпаратты еркін алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтер тізбесі заңда айқындалады.

3. Масс-медиа терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жәрдемдесуге міндетті.

4. Мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге, экстремизмді немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды, жарылғыш заттар мен жарғыш құрылғыларды, сондай-ақ қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа бас ұруды және порнографияны насихаттауға тыйым салынады.

5. Масс-медианы қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау мақсатында пайдалануға тыйым салынады.

Ескертпе. Осы Заңның мақсаттары үшін масс-медиада насихаттау деп Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған ақпарат туралы қоғамдық оң пікірді қалыптастыру және (немесе) шектеусіз адамдар тобын құқыққа қайшы әрекет жасауға немесе әрекетсіздікке итермелеу үшін көзқарастарды, фактілерді, дәлелдерді және өзге де, оның ішінде әдейі бұрмаланған ақпаратты тарату түсініледі.

3-бап. Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың осы Заңның алдында басымдығы болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

3. Ақпаратты онлайн-платформаларда орналастыру, тарату жөніндегі қатынастарды реттеу ерекшеліктері "Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

4. Осы Заңда республикалық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру бөлігінде реттелген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының күші қолданылмайды.

4-бап. Масс-медиа қызметінің негізгі мақсаттары, қағидаттары және міндеттері

1. Сөз бен шығармашылық бостандығына конституциялық құқықты қамтамасыз ету, сондай-ақ қоғамды ақпараттандыру масс-медиа қызметінің негізгі мақсаты болып табылады.

2. Масс-медиа қызметінің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) таратылатын ақпараттың заңдылығы мен анықтығы;

2) объективтілік және ашықтық;

3) жеке және заңды тұлғалар құқықтарының теңдігі;

4) адал бәсекелестік;

5) жеке өмірге қол сұғылмаушылық;

6) кәсіби және әдептік мінез-құлық нормаларын сақтау.

3. Масс-медиа қызметінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) объективті және анық ақпаратты әзірлеу және тарату;

2) тұлғаны, қоғамды және мемлекетті дамытуға бағытталған сапалы отандық контентті жасау;

3) масс-медиа саласында жаңа технологияларды енгізуге жәрдемдесу;

4) өзін-өзі реттеуге ауысу.

5-бап. Масс-медианың таралу тілі

1. Мемлекеттік тіл және басқа да тілдер масс-медианың таралу тілі болып табылады.

2. Мемлекет Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес масс-медианы алу және оны тарату кезінде әркімнің ана тілін пайдалану құқығын қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тілде хабар тарататын отандық теле-, радиобағдарламалардың апта сайынғы көлемі уақыты жағынан:

1) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлемінің елу бес пайызынан кем болмауға;

2) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлемінің алпыс пайызынан кем болмауға тиіс.

Мемлекеттік тілдегі теле-, радио бағдарламалардың жергілікті уақыт бойынша нөл сағаттан бастап есептелетін, әрқайсысының ұзақтығы алты сағаттық уақыт аралығындағы көлемі:

1) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлемінің елу бес пайызынан кем болмауға;

2) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлемінің алпыс пайызынан кем болмауға тиіс.

Осы тармақтың талабы халықаралық келісімдер негізінде хабар тарататын телеарналарға қолданылмайды.

4. Дыбыстық сүйемелдеудің көпарналы берілуін пайдаланатын телеарналар негізгі дыбыстық сүйемелдеуді мемлекеттік тілде пайдалануға тиіс.

5. Осы баптың талаптары осы Заңның 24-бабына сәйкес есепке қою рәсімінен өткен шетелдік теле-, радиоарналарға қолданылмайды.

6. Отандық теле-, радиоарналардың шетелдік аудиторияға трансляциясы мемлекеттік тілде және басқа да тілдерде жүзеге асырылады.

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің масс-медиа саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) масс-медиа саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың іске асырылуын ұйымдастырады;

2) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

7-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) масс-медиа саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;

2) осы Заңға сәйкес масс-медиа саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

3) осы Заңға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қоюды, қайта есепке қоюды жүзеге асырады;

4) республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастырады, орналастырады және оның жүзеге асырылуын бақылайды;

5) мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен гранттар береді;

6) осы Заңның 8-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының, телерадио

хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлерінің және телерадио хабарларын таратудың ұлттық стандарттарының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының талаптарын бұзушылық анықталған кезде нұсқамалар береді;

8) есепке қою үшін өтініштер берген шетелдік теле-, радиоарналардың өнімін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келу тұрғысынан сараптауды жүзеге асырады;

9) телерадио хабарларын тарату мақсатында жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) бөлу бойынша конкурстар ұйымдастырады және өткізеді;

10) міндетті теле-, радиоарналар тізбесін және телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналар тізбесін қалыптастыру мен бекіту бойынша конкурстар ұйымдастырады және өткізеді;

11) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен телерадио хабарларын тарату қызметін лицензиялауды жүзеге асырады;

12) көпарналы хабар таратудағы таратылуына қарай міндетті теле-, радиоарналардың санын айқындайды;

13) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторын қоспағанда, спутниктік телерадио хабарларын тарату операторларының спутниктік қабылдау құрылғыларын өткізуге арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялайды;

14) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторын қоспағанда, спутниктік телерадио хабарларын тарату операторларының спутниктік қабылдау құрылғыларын өткізуге арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау қағидаларын бекітеді;

15) мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары үшін гранттардың құнын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

16) масс-медияны мониторингтеуді жүзеге асырады;

17) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

8-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының құзыреті

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті өкілді органдары:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының ұсынуы

бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен үлгілік қағидаларға сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы тұрғын үй кешендерінде дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын, кәбілдік коммуникацияларды орналастыру жөніндегі талаптарды белгілейді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастырады, орналастырады және оның жүзеге асырылуын бақылайды;

3) уәкілетті орган бекітетін, өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесі негізінде өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

4) телерадио хабарларын тарату операторларының қызметтеріне шартты қолжетімді карталарды және телерадио хабарларын тарату саласында лицензиясы жоқ және Қазақстан Республикасының аумағында меншікті спутниктік хабар тарату жүйелері жоқ телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радиосигналын жеке-дара қабылдауға арналған жабдықтарды таратуына тыйым салу жөніндегі талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғысы бар қоғамдық көлікте мемлекеттік теле-, радиоарналардың өнімін және (немесе) эфирін трансляциялауға құқылы;

6) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9-бап. Масс-медиа саласындағы мемлекеттік реттеу

1. Масс-медиа саласындағы мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау, бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою, сондай-ақ телерадио хабарларын тарату субъектілерінің қызметін лицензиялау арқылы жүзеге асырылады.

2. Бақылау субъектісі өткізетін өнімнің қауіпсіздігін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жеке және заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен

занды мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады.

4. Осы Заңның 56-бабында көзделген талаптарды сақтау бөлігінде Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау жүргізуді уәкілетті орган мемлекеттік радиожилік қызметін тарта отырып жүзеге асырады.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру мен талдау арқылы, оның ішінде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізеді.

6. Мерзімді баспасөз басылымдарының, теле-, радиоарналардың, интернет-басылымдардың, интернет-ресурстардың, телерадио хабарларын тарату операторларының, дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын таратушылардың қызметі Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының сақталуын бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың объектісі болып табылады.

7. Масс-медияның меншік иелері, телерадиокомпаниялар, телерадио хабарларын тарату операторлары мен дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын таратушылар бақылау субъектілері болып табылады.

8. Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша уәкілетті орган, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары анықтаған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

9. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы

бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары бақылау субъектісіне бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсыным жібереді.

Ұсыным бақылау субъектісінің жеке өзіне қолын қойғызып немесе оны жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымда алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – пошта жөнелтілімін тапсырысты хатпен алғаны туралы хабардар етілген күннен бастап;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары сұрау салған кезде бақылау субъектісінің хатта көрсетілген электрондық мекенжайына уәкілетті орган, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары жөнелткен күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

10. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

11. Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, уәкілетті органға, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

12. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындауға алып келеді.

13. Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының сақталуын бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау масс-медиа үшін – күніне бір реттен, телерадиокомпаниялар, телерадио хабарларын тарату операторлары, дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын таратушылар үшін аптасына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

10-бап. Теле-, радиобағдарламаларды тарату кезінде балаларды қорғау

Балалар және білім беру теле-, радиобағдарламаларын тарату, оның ішінде жас санаты белгісін қою жөніндегі талап Қазақстан Республикасының балаларды

денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

11-бап. Өзін-өзі өлтіруді насихаттайтын ақпарат

1. Адамдардың шектеусіз тобын өзін-өзі өлтіруге баруға итермелейтін, кез келген нысанда таратылатын және (немесе) орналастырылатын ақпарат, сондай-ақ өзін-өзі өлтіру тәсілдері туралы ақпарат және өзін-өзі өлтіруге шақыру туралы ақпарат өзін-өзі өлтіруді насихаттайтын ақпарат деп түсініледі.

2. Мыналарды:

1) өзін-өзі өлтіруді проблеманы шешу тәсілі ретінде көрсетуді;

2) өзін-өзі өлтіруге баруды не өзін-өзі өлтіруге бағытталған әрекеттерді немесе нақты (ойдан шығарылған) әңгімелесушінің немесе үшінші бір адамның өзін-өзі өлтіруге бару ниетін оң бағалауды не мақұлдауды;

3) тікелей немесе айқын ниеті байқалмайтын, бірақ өзін-өзі өлтіруге бару туралы шешім қабылдауға, оның ішінде өзін-өзі өлтіруге барған басқа адамдардың әрекеттерін танымал ететін және (немесе) өзін-өзі өлтіруге барған адамдарда пайда болған артықшылықтар туралы тұжырымдар (пайымдаулар) қамтылатын нақты мысалдар келтіру арқылы мәжбүрлейтін тұжырымдардан (пайымдаулардан) тұратын, өзін-өзі өлтіруге баруға итермелейтін дәлелдер, оның ішінде өзін-өзі өлтіруді қазіргі қоғамдағы қолайлы, қисынды және заңды әрекет ретінде ұсынуды;

4) өзін-өзі өлтіруге әрекеттену тәжірибесі бар адамдардың көзқарасын, сезімін сипаттауын және тақырыпты талқылауын қоса алғанда, өзін-өзі өлтіруге баруы сәтсіз болған әрекетті айыптауды, келемеждеуді;

5) өзін-өзі өлтіруге бару (өзін-өзі өлтіруге баруға әрекеттену), оның ішінде біреудің көмегімен не біреудің қатысуымен, не біреудің бақылауымен жүзеге асырылатын, топтасып және (немесе) ассистент көмегімен жасау мақсатында танысу туралы хабарландыруды;

6) өзін-өзі өлтіру тәсілін, оның ішінде өзін-өзі өлтірудің неғұрлым ауырсынбайтын, сенімді, қолжетімді, эстетикалық тәсілін таңдау тұрғысынан сауалнаманы (дауыс беруді), тестті, рейтингті қамтитын ақпарат өзін-өзі өлтіруге баруға итермелейтін ақпарат болып табылады.

3. Өзін-өзі өлтіруге бару тәсілдері туралы ақпаратқа мыналар жатады:

1) өзін-өзі өлтіруге барудың, оның ішінде өзін-өзі өлтіруге бару әрекеттерінің тізбегін және (немесе) ықтимал нәтижелерін (салдарын) суреттейтін (бейнелейтін) процестерді, рәсімдерді сипаттау (көрсету) үшін мәтінді, аудио немесе бейне құралдарды, өзін-өзі өлтіруге арналған құралдарды және (немесе) орындарды пайдалану арқылы жасаудың бір және одан да көп тәсілі туралы ақпарат;

2) өзін-өзі өлтіруге қажетті жағдайлар жиынтығы туралы, оның ішінде орынды, уақытты, әдісті таңдау, өзін-өзі өлтіруге баруға қажетті дайындық әрекеттері туралы ақпарат;

3) өзін-өзі өлтіруге бару тәсілдерімен байланысты өзге де ақпарат.

4. Өзін-өзі өлтіруге баруға шақыру туралы ақпаратқа мыналар жатады:

1) өзін-өзі өлтіруге бару туралы, оның ішінде бопсалау, өтіну, үгіттеу, көндіру, талап ету арқылы тікелей өтініш қамтылатын ақпарат;

2) өзін-өзі өлтіруге баруға шақырумен байланысты өзге де ақпарат.

5. Өзін-өзі өлтіруді насихаттайтын ақпаратты, өзін-өзі өлтіруге бару тәсілдері мен өзін-өзі өлтіруге шақыру туралы ақпаратты таратуға және (немесе) орналастыруға тыйым салынады.

12-бап. Теле-, радиобағдарламаларды тарату кезінде мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау

1. Жаңалықтар сипатындағы кемінде бір телебағдарлама жергілікті уақытпен сағат он алтыдан жиырма екіге дейінгі кезеңде сурдоаудармамен немесе субтитрлер түріндегі аудармамен қамтамасыз етіледі.

Телеарналарда орналастырылатын міндетті хабарлар сурдоаудармамен немесе субтитрлер түріндегі аудармамен қамтамасыз етіледі.

2. Осы баптың талаптары осы Заңның 24-бабына сәйкес есепке қою рәсімінен өткен шетелдік телеарналарға қолданылмайды.

13-бап. Масс-медидағы жарнама

Масс-медидағы жарнама "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

14-бап. Масс-медиа өнімін тарату

1. Масс-медиа өнімін таратуды меншік иесінің шешімі бойынша оның өзі не шарт негізінде немесе өзге де заңды негіздерде редакция, баспагер, сондай-ақ азаматтар немесе ұйымдар жүзеге асырады.

2. Масс-медиа өнімін әзірлеу, жариялау, қайталап көрсету және тарату кезінде мынадай жағдайларда:

1) егер осы адам мәдени-бұқаралық ойын-сауық іс-шараларында, мәдениет саласында әлеуметтік маңызы бар, спорттық-бұқаралық іс-шараларда, бейбіт жиналыстарда және өзге де жария іс-шараларда болса немесе оларға қатысса;

2) егер таратылатын ақпаратта адамның бет-бейнесі және мұндай адамның қызметтік жұмысымен және (немесе) жария қызметімен байланысты мәліметтер

қамтылса, сондай-ақ оны адамның өзі, оның заңды өкілі немесе уәкілетті тұлға қолжетімділігі шектелмеген көздерде жарияласа;

3) егер бейнеленетін адамды пайдалану конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында жүзеге асырылса, бейнеленетін адамның келісімі талап етілмейді.

3. Эротикалық сипаттағы өнімді:

1) стационарлық емес үй-жайларда;

2) мөлдір ораммен буып-түйілмеген күйінде;

3) білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарының, балалар мекемелерінің, ғибадат ғимараттарының (құрылысжайларының) үй-жайларында және аумақтарында;

4) жасы он сегізге толмаған адамдарға бөлшек саудада сатуға тыйым салынады.

4. Масс-медиада еңбек саласында кемсітушілік сипаттағы талаптарды қамтитын, жұмысқа қабылдау үшін бос жұмыс орындары туралы ақпаратты орналастыруға тыйым салынады.

5. Масс-медиада ата-анасы және өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, адамның дербес және биометриялық деректерін, мыналар:

1) құқыққа қайшы әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен кәмелетке толмаған адам;

2) әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген және (немесе) айып тағылған кәмелетке толмағандар туралы олардың жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін өзге де ақпаратты таратуға тыйым салынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 2) тармақшасының күші ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстарды жасауда сот кінәлі деп таныған кәмелетке толмағандарға қолданылмайды.

Осы тармақта белгіленген шектеулер осы Заңның 67-бабы 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларға қолданылмайды.

6. Заңды негіздерде жүзеге асырылатын масс-медиа өнімін таратуға жеке немесе заңды тұлғалар, сол сияқты мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары тарапынан кедергі жасауға, заңсыз тәркілеуге, сондай-ақ масс-медиа өнімін жоюға заңды күшіне енген сот шешімі негізінде болмаса, жол берілмейді.

2-тарау. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

15-бап. Бұқаралық ақпарат құралын құру құқығы

1. Бұқаралық ақпарат құралын құру құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға тиесілі.

Бұқаралық ақпарат құралы заңды тұлға нысанында да, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі нысанында да құрылуы мүмкін.

Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәлік бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін таратуға негіз болып табылады.

2. Қазақстан Республикасындағы бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі – заңды тұлға немесе осы саладағы қызметті жүзеге асырушы заңды тұлға акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің, пайларының) 20 пайызынан астамын шетелдіктердің және шетелдік заңды тұлғалардың, азаматтығы жоқ адамдардың тікелей және (немесе) жанама иеленуіне, пайдалануына, оларға билік етуіне және (немесе) оларды басқаруына тыйым салынады.

16-бап. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі

1. Бұқаралық ақпарат құралын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға не жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігі бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі болып табылады.

2. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі тиісті шарт негізінде өзінің меншікті, сондай-ақ басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты редакция, бас редактор (редактор), журналист, баспагер, бұқаралық ақпарат құралын таратушы ретінде әрекет етуге құқылы.

17-бап. Бұқаралық ақпарат құралының баспагері

1. Бұқаралық ақпарат құралының өнімін жасауды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға бұқаралық ақпарат құралының баспагері болып табылады.

2. Егер меншік иесі бұқаралық ақпарат құралының әрі баспагері болып табылмаса, бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі мен баспагерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі жеке шартпен айқындалады.

18-бап. Бұқаралық ақпарат құралының редакциясы

1. Бұқаралық ақпарат құралының редакциясы меншік иесінің тапсырмасы бойынша материалдар жинауды, әзірлеуді, бұқаралық ақпарат құралын шығару мен таратуды жүзеге асырады.

2. Редакцияға бас редактор (редактор) басшылық етеді.

3. Мыналар:

1) сот әрекетке қабілетсіз деп таныған Қазақстан Республикасының азаматтары;

2) тағайындау кезінде заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар Қазақстан Республикасының азаматтары;

3) шетелдіктер не азаматтығы жоқ адамдар;

4) сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде, өздерінің кінәсінен бұқаралық ақпарат құралын шығару мен тарату сот шешімімен тоқтатылған бұқаралық ақпарат құралының бас редакторлары (редакторлары) болған Қазақстан Республикасының азаматтары бас редактор (редактор) бола алмайды.

4. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі мен редакция арасындағы қатынастар жарғымен және шартпен реттеледі.

19-бап. Интернет-басылым

1. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан бұқаралық ақпарат құралы ретінде уәкілетті органда есепке қою рәсімінен өткен интернет-ресурс, оның ішінде ақпарат агенттігі интернет-басылым болып табылады.

2. Қызметі ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды жинауға, өңдеуге және таратуға бағытталған интернет-басылым ақпарат агенттігі болып табылады.

3. Интернет-басылымның хабарлары мен материалдарында оның атауы мен шығарылған күні қоса берілуге тиіс.

4. Ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарын бұқаралық ақпарат құралдары таратқан кезде ақпарат агенттігіне сілтеме жасау міндетті болады.

20-бап. Шығарылым деректері

1. Мерзімді баспасөз басылымының әрбір шығарылымында мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

- 1) мерзімді баспасөз басылымының атауы;
- 2) мерзімді баспасөз басылымының меншік иесі;
- 3) бас редактордың (редактордың) тегі мен аты-жөні;
- 4) есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәліктің күні мен нөмірі және оны берген органның атауы;
- 5) басылымның мерзімділігі;
- 6) мерзімді баспасөз басылымының жарық көрген күні мен рет нөмірі;
- 7) осы шығарылымның таралымы;
- 8) баспахананың атауы, оның мекенжайы және редакцияның мекенжайы.

2. Интернет-басылымдар арнаулы мақсаттағы бөлімде:

- 1) интернет-басылымның атауын;
- 2) интернет-басылымның меншік иесінің тегі мен аты-жөнін немесе атауын;
- 3) бас редактордың (редактордың) тегі мен аты-жөнін;
- 4) есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәліктің күні мен нөмірін және оны берген органның атауын;

5) редакцияның байланыс деректерін (пошталық мекенжайын, телефон нөмірін, электрондық поштасының мекенжайын) орналастыруға міндетті.

3. Бұқаралық ақпарат құралы эфирге әрбір шыққан сайын, ал үздіксіз хабар таратқанда тәулігіне кемінде төрт рет өзінің атауын жариялап отыруға міндетті.

21-бап. Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті даналары және теле-, радиобағдарламалардың материалдарын сақтау

1. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі мерзімді баспасөз басылымдарының қағаз жеткізгіштегі міндетті тегін даналарын олар шығарылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде – ұлттық кітапханаларға және Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына, бас редактордың (редактордың) электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық нысанда олар шығарылған күннен бастап күнтізбелік үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына жібереді.

Бас редактордың (редактордың) электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық нысандары олар шығарылған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың "орталық" мәртебесі берілген мемлекеттік кітапханасына жіберіледі.

Бас редактордың (редактордың) электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық нысандары олар әзірленген күні уәкілетті органға жіберіледі.

2. Теле-, радиоарналар өздерінің эфирге шығарылған теле-, радиобағдарламаларының жазбаларын алты ай бойы сақтауға, сондай-ақ оларды өзінің эфирлік жұмысының тіркеу журналында тіркеп қоюға және оны осы журналда соңғы жазба жасалған кезден бастап кемінде бір жыл сақтауға міндетті. Тарихи немесе мәдени құндылығы бар жазбалар Қазақстан Республикасының ұлттық архив қоры және архивтер туралы заңнамасында айқындалатын тәртіппен сақталады.

3. Уәкілетті орган мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастырады.

22-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою немесе қайта есепке қою

1. Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін мерзімді баспасөз басылымдары, теле-, радиоарналар міндетті түрде есепке қойылуға жатады.

Бір ұйымның шегінде таратылатын және оның қызметін жариялауға бағытталған, таралымы бес жүз данадан кем мерзімді баспасөз басылымдарын, сот практикасының бюллетеньдерін, ресми, нормативтік және өзге де актілерді есепке қою талап етілмейді.

Осы Заңның 19-бабына сәйкес интернет-ресурстың өз қызметін интернет-басылым ретінде жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды және теле-, радиоарнаны есепке қою немесе қайта есепке қою уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды немесе теле-, радиоарнаны есепке қойған кезде, сондай-ақ мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымның немесе теле-, радиоарнаның есепке қойылғанын куәландыратын құжаттың телнұсқасын алған кезде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен алым алынады.

4. Уәкілетті орган мынадай негіздер бойынша:

1) егер уәкілетті орган бұрын сол атаумен және сол аумақта тарататын не оның атауы бұрын құрылған мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымның, теле-, радиоарнаның атауымен айырғысыз дәрежеде ұқсас мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды, теле-, радиоарнаны есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәлік берген болса;

2) егер мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды есепке қою немесе қайта есепке қою туралы өтініштің мазмұны осы баптың 5-тармағының талаптарына сәйкес келмесе не егер теле-, радиоарнаны есепке қою немесе қайта есепке қою туралы өтініштің мазмұны осы баптың 6-тармағының талаптарына сәйкес келмесе;

3) егер мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды немесе теле-, радиоарнаны есепке қою үшін алым төленбесе;

4) егер меншік иесінің ауысуына орай мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды немесе теле-, радиоарнаны қайта есепке қою туралы өтініште мерзімді баспасөз басылымына, интернет-басылымға немесе теле-, радиоарнаға меншік құқықтарын басқа тұлғаға беруді растайтын шарттың күні мен нөмірі көрсетілмесе;

5) егер шығарылуын бұрын сот тоқтатқан, атауы (атауының бір бөлігі) бірдей және тақырыптық бағыты дәл сондай мерзімді баспасөз басылымы, интернет-басылым немесе теле-, радиоарна есепке қоюға мәлімделген болса, не атауы мен тақырыптық бағытын қайталайтын мерзімді баспасөз басылымы, интернет-басылым немесе теле-, радиоарна мәлімделген болса, сондай-ақ шығарылуы сот шешімімен тоқтатылған мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымның немесе теле-, радиоарнаның меншік иесі немесе бас редакторы (редакторы) соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде өтініш берген жағдайда есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәлік беруден бас тартады.

5. Мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды есепке қою немесе қайта есепке қою туралы өтініште мыналар көрсетілуге тиіс:

1) мерзімді баспасөз басылымының немесе интернет-басылымның меншік иесінің – жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері, мерзімді баспасөз басылымының немесе интернет-басылымның меншік иесінің – заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, орналасқан жері;

2) мерзімді баспасөз басылымының немесе интернет-басылымның материалдары мен хабарларының тілі (тілдері);

3) шығарылымның болжамды мерзімділігі;

4) негізгі тақырыптық бағыты;

5) таралатын аумағы;

6) бас редактордың (редактордың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

7) редакцияның мекенжайы.

6. Теле-, радиоарнаны есепке қою немесе қайта есепке қою туралы өтініште мыналар көрсетілуге тиіс:

1) теле-, радиоарнаның меншік иесінің – жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері, теле-, радиоарнаның меншік иесінің – заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, орналасқан жері, ұйымдық-құқықтық нысаны;

2) меншікті және ретрансляцияланатын хабар таратуының орташа тәуліктік көлемі көрсетіле отырып, теле-, радиоарнаның тақырыптық бағыты.

Өтінішке мыналар қоса беріледі:

1) трансляцияланатын және ретрансляцияланатын теле-, радиобағдарламаларды жазып алу және алты ай бойы сақтау туралы міндеттеме;

2) теле-, радиоарнаның меншік иесінің кірер есігі бөлек үй-жайлар мен алаңдарға немесе оларды жалға алуға, оның ішінде:

телерадио хабарларын таратудың жұмыс істеуі үшін қажетті техникалық құралдарды орналастыруға және пайдалануға арналған арнаулы үй-жайларға (студиялық, аппараттық, қосалқы);

шығармашылық персоналды орналастыруға арналған үй-жайларға (редакциялық);

әкімшілік-басқару персоналына арналған үй-жайларға мүліктік құқықтарының болуы туралы мәліметтер нысаны.

7. Мерзімді баспасөз басылымының меншік иесі есепке қою туралы куәлікті алған күннен бастап үш ай ішінде мерзімді баспасөз басылымының өнімін шығаруға кірісу құқығын сақтайды.

Теле-, радиоарнаның меншік иелері есепке қою туралы куәлікті алған күннен бастап алты ай ішінде теле-, радио бағдарламаларды таратуға кірісу құқығын сақтайды.

Интернет-басылымның меншік иелері есепке қою туралы куәлікті алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабарлар мен материалдарды таратуға кірісуге тиіс.

8. Мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымның немесе теле-, радиоарнаның шығарылуын сот тоқтата тұрған жағдайларды қоспағанда, мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымның немесе теле-, радиоарнаның өнімін шығару мерзімін өткізіп алған, сондай-ақ мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымның немесе теле-, радиоарнаның өнімін шығару үш ай бойы тоқтап қалған жағдайларда, уәкілетті органның шешімімен мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды немесе теле-, радиоарнаны есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп танылады.

Егер мемлекеттік бақылау қорытындылары бойынша интернет-басылымның меншік иесінің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы Қазақстан Республикасынан тысқары жерде орналасқаны анықталса, уәкілетті органның шешімімен интернет-басылымды есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп танылады.

9. Мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымның меншік иесі ауысқан немесе оның атауы, сондай-ақ басылымның, материалдар мен хабарлардың атауы, тілі, таралатын аумағы, негізгі тақырыптық бағыты және шығару мерзімділігі өзгерген жағдайларда қайта есепке қойылуға жатады.

Теле-, радиоарнаның меншік иесі ауысқан не ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, сондай-ақ теле-, радиоарнаның аты өзгерген жағдайларда ол қайта есепке қойылуға жатады.

23-бап. Масс-медианы немесе бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не масс-медиа немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтата тұру, тоқтату тәртібі

1. Уәкілетті органда есепке қойылған масс-медианы немесе бұқаралық ақпарат құралын шығару не масс-медиа немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімін тарату меншік иесінің немесе соттың шешімі бойынша тоқтатыла тұруы не тоқтатылуы мүмкін.

2. Тоқтата тұру деп мерзімді баспасөз басылымының бір немесе бірнеше нөмірін шығаруды, теле-, радиобағдарламаның, теле-, радиоарнаның эфирге шығуын уақытша тоқтату, интернет-басылымның қызметін, сондай-ақ масс-медиа өнімін таратуды тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылғанға дейін уақытша тоқтата тұру түсініледі.

Масс-медианы немесе бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не масс-медиа немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды үш айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға жол беріледі.

3. Қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты насихаттау немесе үгіттеу, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария ету, өзін-өзі өлтіруді насихаттайтын, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу

кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты тарату, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды, жарылғыш заттар мен жарғыш құрылғыларды насихаттау, порнографиялық және арнаулы сексуалдық-эротикалық сипаттағы теле-, радиобағдарламаларды, теле-, радиоарналарды тарату, сондай-ақ кино-, бейнеөнімдерді көрсету, бұқаралық ақпарат құралдарын сайлау алдындағы үгіт жүргізу шарттарын бұзу, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) ықпал ететін қызметті жүзеге асыруы, үгітке тыйым салынған кезеңде оны жүргізу, ереуілге қатысуға немесе оған қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу, Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы, интернетте авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңнамасын бұзу мақсатында пайдалану, сондай-ақ осы Заңның 22-бабының 9-тармағында көзделген талаптарды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен масс-медианы немесе бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не масс-медиа немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтата тұруға негіз болып табылады.

4. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты насихаттау және үгіттеу, экстремизмді немесе терроризмді насихаттау, ұлтаралық және конфессияаралық араздықты қоздыруға бағытталған материалдарды жариялау және ақпаратты тарату, сондай-ақ белгіленген мерзімде масс-медианы немесе бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не масс-медиа немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтата тұру себептерін жоймау масс-медианы немесе бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не масс-медиа немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтатуға негіз болып табылады.

5. Масс-медианы немесе бұқаралық ақпарат құралын шығару не масс-медиа немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімін тарату меншік иесінің не соттың шешімі бойынша тоқтатыла тұрған не тоқтатылған жағдайда, уәкілетті органға хабарлама және (немесе) сот шешімі жіберіледі.

Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтату оны есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәліктің күшін жоюға алып келеді.

6. Масс-медиа интернет-ресурс болып табылғанда, масс-медианы шығару не масс-медиа өнімін тарату заңды күшіне енген сот шешімі бойынша тоқтатыла тұрған не тоқтатылған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдар, масс-медианың меншік иелері Қазақстан Республикасының аумағында масс-медианы шығаруды не масс-медиа өнімін таратуды тоқтата тұруға немесе тоқтатуға міндетті.

7. Масс-медиа интернет-ресурс болып табылғанда, масс-медианы шығаруды не масс-медиа өнімін таратуды тоқтата тұру туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі домендік атты дәл сол немесе қайталанатын атаумен пайдалануға үш айдан аспайтын мерзімге тыйым салуға алып келеді.

Масс-медиа интернет-ресурс болып табылғанда, масс-медианы шығаруды не масс-медиа өнімін таратуды тоқтату туралы сот шешімі домендік атты тіркеудің күшін жоюға және тіркелуі сот шешімімен жойылған домендік атты дәл сол немесе қайталанатын атаумен бір жыл ішінде пайдалануға тыйым салуға алып келеді.

24-бап. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметі

1. Телерадио хабарларын тарату операторлары Қазақстан Республикасының аумағында тарататын шетелдік теле-, радиоарналар уәкілетті органда міндетті есепке қойылуға жатады.

Шетелдік теле-, радиоарналарды есепке қоюды, қайта есепке қоюды шетелдік телерадиокомпаниялардың өкілдері жүзеге асырады.

Шетелдік теле-, радиоарналарды есепке қою, қайта есепке қою уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыру үшін шетелдік теле-, радиоарналардың меншік иелері:

1) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғаны міндетті мемлекеттік тіркеуді немесе шетелдік заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуді жүргізеді;

2) шетелдік теле-, радиоарнаның апта сайынғы хабар тарату көлемінде отандық теле-, радио бағдарламаларды теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлемінің кемінде он пайызы мөлшерінде үш айда бір рет жаңарта отырып трансляциялауды қамтамасыз етеді және (немесе) дәл осындай талаптарға сәйкес трансляцияланатын білім беру, мәдени-ағарту, спорттық-ойын-сауық және демалу сипатындағы теле-, радиобағдарламалардың мемлекеттік тілге аударылуын қамтамасыз етеді.

3. Шетелдік теле-, радиоарналарды есепке қою олардың өнімін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуі тұрғысынан сараптаудан кейін жүзеге асырылады.

Діни бағыттағы шетелдік теле-, радиоарналарды есепке қою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілетін дінтану сараптамасынан кейін жүзеге асырылады.

4. Жарғылық капиталында толық немесе ішінара мемлекеттік акциялар (қатысу үлестері, пайлар) пакеті бар Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдік теле-, радиоарналардың меншік иелерінің, сондай-ақ олармен үлестес тұлғалардың қызметі

Қазақстан Республикасының аумағында жарғылық капиталына шетелдік заңды тұлғалар акцияларының (қатысу үлестерінің, пайларының) пакеті жиырма пайыздан аспай қатысатын заңды тұлғаны құра отырып жүзеге асырылады.

Мыналар:

- 1) сот әрекетке қабілетсіз деп таныған азаматтар;
- 2) тағайындау кезінде заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар азаматтар;
- 3) шетелдіктер не азаматтығы жоқ адамдар;
- 4) сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде, өздерінің кінәсінен бұқаралық ақпарат құралының шығарылуы (эфирге шығуы) сот шешімімен тоқтатылған бұқаралық ақпарат құралының бас редакторлары (редакторлары) болған азаматтар аталған заңды тұлғаның басшысы және (немесе) теле-, радиоарнаны эфирге дайындауды және оның шығуын жүзеге асыратын адам (редактор) бола алмайды.

5. Шетелдік теле-, радиоарнаны қайта есепке қою теле-, радиоарнаның меншік иесі ауысқан не заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны, аты, негізгі тақырыптық бағыты өзгерген, Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу рәсімінен өткен жаңа заңды тұлға немесе филиал (өкілдік) құрылған жағдайларда жүзеге асырылады.

25-бап. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қоюдан бас тартудың негіздері

1. Уәкілетті орган, егер:
 - 1) өтініш уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келмесе;
 - 2) теле-, радиоарнаны есепке қою үшін алым төленбесе;
 - 3) шетелдік теле-, радиоарнаның материалдары Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, экстремизмді немесе терроризмді, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты насихаттауды және үгіттеуді, ұлтаралық және конфессияаралық араздықты қоздыруға бағытталған ақпаратты, сондай-ақ порнографиялық және арнаулы сексуалдық-эротикалық сипаттағы кино-, бейнеөнімдерді, сондай-ақ өзін-өзі өлтіруді насихаттайтын ақпаратты қамтыса;
 - 4) дінтану сараптамасының нәтижелері бойынша теріс қорытынды болса;
 - 5) шетелдік теле-, радиоарнаның өнімдеріне қатысты Қазақстан Республикасының аумағында оны таратуға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі болса;
 - 6) "электрондық үкіметтің" веб-порталында заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) немесе филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер болмаса, шетелдік телерадиокомпания өкіліне шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қою туралы куәлік беруден бас тартады.

2. Шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қоюдан бас тарту кезінде шетелдік телерадиокомпания өкіліне уәжді бас тарту жазбаша түрде беріледі.

3. Егер шетелдік теле-, радиоарна Қазақстан Республикасының аумағында жаңа заңды тұлғаны немесе филиалды (өкілдікті) құрмай, заңды тұлғаның қызметін тоқтатса немесе филиалды (өкілдікті) осы Заңның 24-бабының 2-тармағында көзделген есептік тіркеуден шығарса, уәкілетті орган күнтізбелік он бес күн ішінде шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қою туралы куәлікті кері қайтарып алады.

4. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, шетелдік теле-, радиоарна Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайларда уәкілетті орган есепке қою туралы куәлікті кері қайтарып алу үшін сотқа жүгінеді.

5. Егер шетелдік теле-, радиоарнадан есепке қою туралы куәлік кері қайтарып алынса, уәкілетті орган телерадио хабарларын тарату операторларына Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік теле-, радиоарнаның трансляциясын және (немесе) ретрансляциясын шектеу бойынша шаралар қабылдау туралы нұсқама шығарады.

6. Сот шетелдік теле-, радиоарна тарататын ақпаратты Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына қайшы келеді деп таныса, Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік теле-, радиоарнаны тарату тоқтатыла тұрады не тоқтатылады.

3-тарау. ЖУРНАЛИСТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

26-бап. Журналистің құқықтары мен міндеттері

1. Осы Заңда журналистің кәсіби қызметін жүзеге асыруы үшін жағдайлар қамтамасыз етілетін оның ерекше мәртебесі танылады.

2. Адам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәсіби қызметін жүзеге асыруы және бұқаралық ақпарат құралының редакциясымен еңбек қатынасында немесе өзге де шарттық қатынаста болуы кезеңінде журналист мәртебесіне ие болады.

3. Журналистің:

1) хабарлар мен материалдарды жинауды, өңдеуді, дайындауды жүзеге асыруға, ақпаратты сұратуға, алуға және таратуға;

2) мемлекеттік органдарға, барлық меншік нысанындағы ұйымдарға баруына және өзінің қызметтік міндеттерін жүзеге асыруға байланысты олардың лауазымды адамдарының қабылдауында болуға, жабық іс-шара өткізу туралы шешім қабылданған жағдайларды қоспағанда, өзін аккредиттеген мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар өткізетін барлық іс-шараларға қатысуға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, жазбалар, оның ішінде аудиовизуалды техника құралдарын пайдалана отырып жазбалар жүргізуге, кино- және фототүсірілім жасауға;

4) журналист куәлігін, айырым белгісін көрсету арқылы дүлей зілзалалар ауданында, бейбіт жиналыстарда, сондай-ақ қоғамдық, топтық және жеке мүдделерді білдірудің өзге нысандары кезінде болуға;

5) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, құжаттармен және материалдармен танысуға рұқсат алуға;

6) алынатын ақпараттың анықтығын тексеруге;

7) алынған ақпараттық материалдарды тексеру кезінде мамандарға жүгінуге;

8) өзі әзірлеген хабарлар мен материалдарға қолын қойып, шартты атын (бүркеншік атын) көрсетіп таратуға;

9) материалдың мазмұны редакциялық түзетуден кейін журналистің жеке сеніміне қайшы келсе, оны өз қолын қойып жариялаудан бас тартуға;

10) авторлық құпия және ақпарат көздерінің құпиясы соттың талап етуі бойынша жария етілетін жағдайларды қоспағанда, осы құпиялар мен ақпарат көздерін сақтауға құқығы бар.

4. Журналист:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа ала отырып, өзі еңбек қатынасында немесе өзге де шарттық қатынаста тұрған бұқаралық ақпарат құралының қызмет бағдарламасын жүзеге асыруға;

2) таратылатын ақпараттың анықтығын тиісті жеке және (немесе) заңды тұлғаларға сұрау салулар жіберу арқылы не Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдермен тексеру бойынша шаралар қабылдауға;

3) ақпарат ұсынған адамдардың авторлығын көрсету туралы олар жасаған өтініштерді қанағаттандыруға;

4) шындыққа сай келмейтін ақпаратты таратпауға;

5) егер мәліметтер ресми хабарларда көрсетілген және (немесе) оларды жеке және (немесе) заңды тұлғаның өзі не олардың өкілдері қолжетімділігі шектелмеген дереккөздерде таратқан жағдайларды қоспағанда, жеке және (немесе) заңды тұлғадан не олардың өкілдерінен бұқаралық ақпарат құралында жеке басының, отбасылық, дәрігерлік, банктік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларын таратуға келісімін алуға;

6) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге;

7) аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілерге бару кезінде кіру режимінің және объектішілік режимнің белгіленген талаптарын сақтауға;

8) кәсіби әдеп (әдептік мінез-құлық) нормаларын сақтауға;

9) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзіне жүктелген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

27-бап. Журналистің (бұқаралық ақпарат құралдары өкілінің) кәсіби қызметінің құқықтық кепілдіктері

1. Журналист (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі) міндеттерін денсаулығы мен өмірі үшін жоғары қауіптілікпен ұштасқан жағдайларда орындаған кезде бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі оны қажетті жабдықпен және киім-кешекпен қамтамасыз етуге міндетті.

2. Журналистің (бұқаралық ақпарат құралдары өкілінің) өз міндеттерін орындауына байланысты өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтірілген жағдайда, бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі оған келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген көлемде және тәртіппен өтеуге міндетті.

28-бап. Журналистерді (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін) аккредиттеу

1. Бұқаралық ақпарат құралдары ақпарат иеленушілердің және ұйымдардың келісімі бойынша олардың жанына өз журналистерін аккредиттей алады.

Аккредиттеудің оңайлатылған тәртібі жағдайында журналистерге (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне) аккредиттеу карталары беріледі.

Аккредиттеу картасы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бірыңғай медиаплатформа арқылы беріледі.

Журналистерді аккредиттеудің үлгілік қағидаларын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді. Ақпарат иеленушілер, ұйымдар журналистерді аккредиттеудің үлгілік қағидалары негізінде журналистерді аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді.

2. Журналист аккредиттелген мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар өткізілетін отырыстар, кеңестер және өзге де іс-шаралар жөнінде оған алдын ала хабарлауға, стенограммалармен, хаттамалармен және өзге де құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті.

3. Жабық іс-шара өткізу туралы шешімдер қабылданған жағдайларды қоспағанда, аккредиттелген журналистің өзін аккредиттеген мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар өткізетін отырыстарға, кеңестерге және басқа да іс-шараларға қатысуға құқығы бар.

4. Егер журналист аккредиттеу қағидаларын бұзса не өзін аккредиттейтін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың іскерлік беделіне нұқсан келтіретін, шындыққа сай келмейтін мәліметтерді таратса, егер бұл заңды күшіне енген сот шешімімен танылса, аккредиттеуден айырылады.

29-бап. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарын шет елдерде аккредиттеу

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы бұқаралық ақпарат құралының меншік иесінің

Қазақстан Республикасының және болу мемлекетінің заңнамасында көзделген тәртіппен басқа мемлекеттерде тілшілер қосынын ашуға, журналистерді аккредиттеуге құқығы бар.

30-бап. Қазақстан Республикасындағы шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қызметі

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі өзі белгілеген тәртіппен шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдіктерін және олардың журналистерін аккредиттеуді жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдіктерінің және олардың журналистерінің тізілімін жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетелдік журналистердің және басқа да шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің құқықтық жағдайы мен кәсіби қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен реттеледі.

3. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралының Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін және Қазақстан Республикасының Конституциясын бұзатын ақпаратты қамтитын өнімі Қазақстан Республикасының аумағында оның таралуы тоқтатыла тұрып не тоқтатылып, сот тәртібімен заңсыз деп танылуға, ал интернет-ресурстар болып табылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары үшін Қазақстан Республикасының аумағында аталған интернет-ресурстарға қолжетімділікті тоқтата тұруға жатады.

4. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының және шетелдік журналистердің тиісті аккредиттеусіз кәсіби журналистік қызметпен айналысуына тыйым салынады.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдіктерін және олардың журналистерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аккредиттеуден бас тартуға құқылы.

6. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдіктері мен журналистерін аккредиттеуден бас тарту, оны тоқтата тұру және кері қайтарып алу Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

4-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

31-бап. Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырыс

1. Республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырыс уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен орналастырылады.

2. Өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырыс уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен орналастырылады.

32-бап. Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі комиссия

1. Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу кезінде қоғамдық мүдделерді ескеру және қорғау, сондай-ақ халықтың ақпаратқа қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында уәкілетті орган жанынан Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі республикалық комиссия құрылады.

Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның негізгі функциялары мыналар болып табылады:

1) республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттарын бекіту;

2) уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттарының тізбесін қарау және ұсыныстарды тұжырымдау;

3) республикалық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларына сәйкес республикалық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі, оның ішінде балаларға арналған контентті жасауға және өңірлік мерзімді баспасөз басылымдарын дамытуға бағытталған мемлекеттік тапсырысты алуға үміткерлердің өтінімдерін қарау және ұсыныстарды тұжырымдау;

4) республикалық деңгейде мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары үшін гранттардың тақырыптық бағыттарын және олар бойынша қаржыландыру көлемдерін айқындау және бекіту;

5) Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі республикалық комиссия туралы ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2. Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның құрамына мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен бірін құрайтын арақатынас негізінде бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қоғамдық бірлестіктердің өкілдері тартылады.

3. Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу кезінде қоғамдық мүдделерді ескеру және қорғау, сондай-ақ халықтың ақпаратқа қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жергілікті атқарушы органдар жанынан мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиялар құрылады.

Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиялардың негізгі функциялары мыналар болып табылады:

1) республикалық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларына сәйкес өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі, оның ішінде балаларға

арналған контентті жасауға және өңірлік мерзімді баспасөз басылымдарын дамытуға бағытталған мемлекеттік тапсырысты алуға үміткерлердің өтінімдерін қарау және ұсыныстарды тұжырымдау;

2) республикалық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларына сәйкес өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты алуға үміткерлердің өтінімдерін Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның қарауына және ұсынымдар алу үшін жіберу;

3) мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиялар туралы үлгілік ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

33-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары үшін гранттар

1. Гранттар мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарына (бұдан әрі – гранттар) отандық контентті дамытуға, Қазақстан Республикасының ақпараттық егемендігін нығайтуға және қорғауға беріледі.

Гранттар мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарына, оның ішінде: балаларға арналған контентті жасауға; өңірлік мерзімді баспасөз басылымдарын дамытуға беріледі.

2. Мемлекеттік тілдегі гранттардың көлемі гранттардың жалпы жылдық көлемінің үштен екісінен кем болмауға тиіс.

3. Гранттар мынадай түрлерге бөлінеді:

1) қысқа мерзімді гранттар – іске асырылуы бір жылға дейінгі мерзімді құрайтын гранттар;

2) ұзақ мерзімді гранттар – іске асырылуы бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімді құрайтын гранттар.

4. Гранттар конкурстық іріктеу негізінде беріледі.

Гранттарға арналған конкурсты уәкілетті орган жариялайды және хабарландыру уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

5. Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі республикалық комиссия Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақпараттық саясатының басым бағыттарына сәйкес гранттардың тақырыптық бағыттары мен көлемдерін бекітеді және олар белгіленген тәртіппен Республикалық бюджет комиссиясында қаралуға тиіс.

6. Гранттар беру мен олардың іске асырылуын мониторингтеу уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бірыңғай медиаплатформада жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасына сәйкес гранттар беру және оларды іске асыру рәсімдерінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етеді.

7. Тәуелсіз сараптама комиссиясы тиісті біліктілігі бар сарапшылардан тұрады.

Тәуелсіз сараптама комиссиясының құрамы мен ережесін уәкілетті орган бекітеді.

Уәкілетті орган жанындағы гранттар бөлу жөніндегі комиссия тәуелсіз сараптама комиссиясының қорытындысы негізінде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен гранттар беру туралы шешім қабылдайды.

8. Осы баптың күші "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексімен (Салық кодексі) және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен реттелетін, гранттар беру процесінде туындайтын қатынастарға қолданылмайды.

9. Уәкілетті орган, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өз құзыреттері шегінде гранттардың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.

10. Гранттарды қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Гранттар беру үшін көзделген бюджет қаражаты осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, грант беруге және оның іске асырылуына арналған шартта белгіленген мақсаттарда және тәртіппен оларды іске асырудың бүкіл мерзіміне, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге пайдаланылады.

11. Гранттар шеңберінде жасалған өнімге айрықша авторлық құқық және сабақтас құқықтар бұқаралық ақпарат құралдарына тиесілі.

5-тарау. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ АЗАМАТТАРМЕН ЖӘНЕ ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

34-бап. Авторлық туындылар мен хаттар

1. Редакция, масс-медианың меншік иесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зияткерлік меншікке авторлық құқық пен өзге де құқықтарды қоса алғанда, зияткерлік меншік құқығының пайдаланылатын объектілеріне, сондай-ақ дербес деректерді өңдеуге және қорғауға құқықтарды сақтауға міндетті.

2. Пайдаланушылар масс-медида орналастыратын ақпаратты қоса алғанда, оқырман хаттарын жариялау кезінде олардың мәтінін мазмұнының мағынасын бұрмаламай қысқартуға және редакциялауға жол беріледі.

3. Егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, бұқаралық ақпарат құралының редакциясын ол қабылдамай тастаған материалды жариялауға міндеттеуге ешкім құқылы емес.

Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған мәліметтерді қамтитын, интернет-ресурста пайдаланушылар орналастыратын ақпаратты қоса алғанда, оқырман хаттарын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға жол берілмейді.

35-бап. Ресми хабарлар

1. Ресми хабар ауызша немесе жазбаша нысанда, оның ішінде электрондық құжат нысанында таратылуы мүмкін.

Ресми хабарды ауызша нысанда тарату ақпарат иеленушінің басшысының немесе осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамының көпшілік алдында сөз сөйлеуі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Ресми хабарды жазбаша түрде, оның ішінде электрондық құжат нысанында таратқан кезде оған ақпарат иеленушінің басшысы немесе осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамы қол қоюға (электрондық құжат жағдайында – электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылуға) тиіс.

2. Ресми хабар бұқаралық ақпарат құралдарына олардың меншік нысанына және тиесілілігіне қарамастан, тең шарттарда беріледі.

3. Бұқаралық ақпарат құралының берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі жазбаша сұрау салуына ақпарат иеленуші сұрау салу тіркелген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жауап ұсынуға не оны ұсыну мерзімін немесе уәжді бас тартуды көрсете отырып жауап беруге міндетті.

Ақпарат иеленушінің басшысы қосымша зерделеу мен тексеруді талап ететін, берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі жазбаша сұрау салуды қарау мерзімін күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімге бір рет ұзартуы мүмкін, ол жөнінде бұқаралық ақпарат құралына қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде хабар беріледі.

4. Қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кірмейтін ақпарат иеленушіге бұқаралық ақпарат құралынан берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі жазбаша сұрау салу келіп түскен жағдайда, осы сұрау салу екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тиісті органдарға жіберіліп, ол жөнінде бұқаралық ақпарат құралына хабар берілуге тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдарының жазбаша және (немесе) электрондық құжат нысанында берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі сұрау салулары бас редактордың (редактордың), уәкілетті тұлғаның немесе аккредиттелген журналистің қолы қойылып жіберіледі және (немесе) электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылады.

5. Жазбаша немесе электрондық құжат нысанында берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі сұрау салуларға жауаптар жолданым келіп түскен тілде ұсынылады.

Берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі сұрау салуларға жауаптар, егер сұрау салудың өзінде өзгеше көрсетілмесе, келіп түскен сұрау салу нысанында ұсынылады.

6. Бұқаралық ақпарат құралының өкілі сұратылатын мәліметтерді беруден бас тарту бойынша жоғары тұрған органға, лауазымды адамға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

36-бап. Ресми хабарларға кірмейтін ақпаратты беру туралы сұрау салулар

1. Бұқаралық ақпарат құралы ақпарат иеленушіге ресми хабарға кірмейтін ақпаратты беру туралы сұрау салулармен жүгінуге құқылы.

Бұқаралық ақпарат құралының журналисі ақпарат иеленушіге телефон арқылы ауызша сұрау салумен жүгінген кезде өзін таныстыруға және әңгіменің аудиожазбасы жүргізілген жағдайда, ол жөнінде хабарлауға міндетті.

Бұқаралық ақпарат құралдарының жазбаша және (немесе) электрондық құжат нысанында берілген ақпаратты беру туралы сұрау салулары бас редактордың (редактордың), уәкілетті тұлғаның немесе аккредиттелген журналистің қолы қойылып жіберіледі және (немесе) электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылады.

Сұрау салуға жауап, егер сұрау салудың өзінде өзгеше көрсетілмесе, ол келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, келіп түскен сұрау салу нысанында және тілінде ұсынылады.

Сұратылатын ақпарат бірнеше ақпарат иеленушінің құзыретіне кіретін және жазбаша сұрау салуға жауап беру кезінде өзге ақпарат иеленушілерден ақпарат алу талап етілетін жағдайларда, ақпарат иеленушінің басшысы қарау мерзімін күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімге бір рет ұзартуы мүмкін, ол жөнінде бұқаралық ақпарат құралына қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде хабар беріледі.

2. Сұрау салу бойынша ақпарат беруден:

1) егер сұрау салудың мазмұны сұрау салу жіберілген ақпарат иеленушінің құзыретіне кірмесе;

2) егер сұрау салу осы Заңның талаптарына сәйкес келмесе;

3) егер сұратылатын ақпарат қолжетімділігі шектелген ақпаратқа жататын болса;

4) мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша шешім қабылданғанға дейін;

5) ведомствоаралық және ведомствоішілік хат алмасу немесе мемлекеттік органдардағы кеңесулер негізінде тұжырымдалатын түпкілікті шешім қабылданғанға дейін;

6) шет мемлекеттерден немесе халықаралық ұйымдардан келіп түскен құжаттарды ашу шарттары туралы өзара келісім қабылданғанға дейін бас тартылады.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарының сұрау салуына жауап ұсынбағаны немесе уақтылы жауап ұсынбағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

4. Бұқаралық ақпарат құралының өкілі мемлекеттік басқару органдарының және лауазымды адамдардың азаматтар құқықтарына нұқсан келтіретін құқыққа сыйымсыз әрекеттеріне шағым жасау үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сұрау салынған ақпаратты беруден бас тартуға шағым жасай алады.

37-бап. Міндетті хабарлар

1. Белгілі бір аумақта халықтың тыныс-тіршілік ету жағдайлары бұзылған кезде тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органдары өз құзыреті шеңберінде және (немесе) жергілікті атқарушы органдар оқиға басталған кезден бастап үш сағаттан кешіктірмей, уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарына ағымдағы ахуал туралы ресми хабарлар беруге міндетті.

Ресми хабарларды бермегені немесе уақтылы бермегені үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарының редакциялары өтеусіз негізде мыналарды:

1) заңды күшіне енген сот шешімін, егер онда осы сот процесі бойынша жауапкер болып табылған бұқаралық ақпарат құралында жауапты немесе теріске шығаруды жариялау туралы талап қамтылатын болса;

2) "Төтенше жағдай туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес төтенше жағдайды енгізу туралы ресми хабарларды;

3) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабында көзделген уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми хабарларын;

4) "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 2-тармағында көзделген уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми хабарларын;

5) осы баптың 1-тармағында көзделген уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми хабарларын жариялауға міндетті.

3. Міндетті хабарларды:

1) эфирге күн сайын шығатын теле-, радиоарналар – бір тәулік ішінде;

2) жарыққа (эфирге) шығу кезеңділігі немесе уақыты өзгеше бұқаралық ақпарат құралдары – осындай жарияланымдар үшін уәкілетті мемлекеттік органдар не сот белгілеген мерзімде жариялайды.

38-бап. Теріске шығару немесе жауап беру құқығы

1. Азамат немесе заңды тұлға бұқаралық ақпарат құралдарынан осы бұқаралық ақпарат құралында таратылған, шындыққа сай келмейтін және оның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді теріске шығаруды талап етуге құқылы. Мұндай құқыққа азаматтың немесе заңды тұлғаның өкілдері де ие болады.

Азамат немесе заңды тұлға теріске шығаруға жүгінген жағдайда бұқаралық ақпарат құралында таратылған мәліметтердің шындыққа сай келетіні жөнінде дәлелдемелері болмаған осы бұқаралық ақпарат құралының редакциясы оларды нақ сол бұқаралық ақпарат құралында теріске шығаруға міндетті.

Осы бапта көрсетілген құқықтардың бұзылуына байланысты бұқаралық ақпарат құралдарына қойылатын талаптар бойынша талап қоюдың ескіру мерзімі осындай

мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап бір жылды құрайды.

2. Теріске шығару туралы талап шындыққа сай келмейтін мәліметтер осы бұқаралық ақпарат құралында олардың таратылған уақыты мен тәсілі көрсетіле отырып, жазбаша ресімделуге тиіс.

Мерзімді баспасөз басылымдарында теріске шығару теріске шығарылатын хабар немесе материал орналастырылған жерде нақ сол қаріппен жариялануға және "Теріске шығару" тақырыбымен орналастырылуға тиіс.

Телевизия және радио арқылы теріске шығару теріске шығарылатын хабар немесе материал сияқты нақ сол тәулік уақытында және нақ сол теле-, радиобағдарламада, ал көрсетілген теле-, радиобағдарлама жабылып қалған жағдайда оған сәйкес келетін тақырыптық бағыттағы өзге теле-, радиобағдарламада берілуге тиіс.

Интернет-басылымдарда теріске шығару теріске шығарылатын хабар немесе материал жарияланған бөлімде нақ сол қаріппен және "Теріске шығару" тақырыбымен жариялануға тиіс.

Теріске шығарудың көлемі теріске шығарылатын хабардың немесе материалдың көлемінен екі және одан да көп есе аспауы керек.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарында құқықтарына немесе заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін өзіне қатысты мәліметтер жарияланған азаматтың немесе заңды тұлғаның нақ сол бұқаралық ақпарат құралдарында өз жауабын тегін жариялауға құқығы бар.

Мерзімді баспасөз басылымдарында жауап теріске шығарылатын хабар немесе материал орналастырылған жерде нақ сол қаріппен жариялануға және "Жауап" тақырыбымен орналастырылуға тиіс.

Телевизия және радио арқылы жауап теріске шығарылатын хабар немесе материал сияқты нақ сол тәулік уақытында және нақ сол теле-, радиобағдарламада, ал көрсетілген теле-, радиобағдарлама жабылып қалған жағдайда оған сәйкес келетін тақырыптық бағыттағы өзге теле-, радиобағдарламада берілуге тиіс.

Интернет-басылымдарда жауап теріске шығарылған хабар немесе материал жарияланған бөлімде нақ сол қаріппен және "Жауап" тақырыбымен жариялануға тиіс.

Жауаптың көлемі теріске шығарылатын хабардың немесе материалдың көлемінен екі және одан да көп есе аспауы керек.

Азаматтың немесе заңды тұлғаның не олардың өкілдерінің жауабы:

жарыққа (эфирге) күн сайын шығатын бұқаралық ақпарат құралдарында – азаматтан немесе заңды тұлғадан не олардың өкілдерінен жауап беруге құқық беру туралы талап алынған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде;

жарыққа (эфирге) шығу кезеңділігі не уақыты өзгеше бұқаралық ақпарат құралдарында – жуық арада жоспарланатын шығарылымда жарияланады немесе беріледі.

Бұқаралық ақпарат құралы, егер азаматтың немесе заңды тұлғаның не олардың өкілдерінің жауабында таратылуына Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған немесе жеке және (немесе) заңды тұлғалардың немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін өзгеше түрде бұзатын ақпарат қамтылса, жауапты жариялаудан бас тартуға құқылы.

4. Азаматтың немесе заңды тұлғаның бұқаралық ақпарат құралында теріске шығаруды не жауапты жариялау туралы талабы, егер бұқаралық ақпарат құралы мұндай жарияланымнан бас тартқан не бір айдың ішінде теріске шығаруды немесе жауапты жарияламаған жағдайда, сондай-ақ осы бұқаралық ақпарат құралы таратылған жағдайда, сотта қаралады.

5. Заңды күшіне енген сот шешімін орындау үшін таратылатын теріске шығару не жауап:

1) жарыққа (эфирге) аптасына кемінде бір рет шығатын бұқаралық ақпарат құралдарында – егер өтініш беруші өзгеше белгілемесе, теріске шығару туралы талап алынған күннен бастап екі тәулік ішінде;

2) жарыққа (эфирге) шығару кезеңділігі не уақыты өзгеше бұқаралық ақпарат құралдарында – егер өтініш беруші өзгеше белгілемесе, жуық арада жоспарланатын шығарылымда жарияланады.

6. Өзіне қатысты шындыққа сай келмейтін және ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер таратылған азамат мұндай мәліметтерді теріске шығарумен қатар олардың таратылуынан келтірілген залалды және моральдық зиянды өтеуді Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен талап етуге құқылы.

Өзіне қатысты іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер таратылған заңды тұлға мұндай мәліметтерді теріске шығарумен қатар олардың таратылуынан келтірілген залалды өтеуді Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен талап етуге құқылы.

39-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше)

1. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда, орталық атқарушы органдардың ведомстволарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарда (Мемлекеттік күзет қызметін қоспағанда) мемлекеттік органның құзыретіне, сондай-ақ оның қызметіне жататын мәселелер бойынша ақпарат таратуды жүзеге асыратын, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға тағайындалады не уәкілетті бөлімше құрылады.

Дербес құрылымдық уәкілетті бөлімше және (немесе) штаттық лауазым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген штат саны лимиттерінің шегінде

құрылады, сондай-ақ мемлекеттік органның (арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда) бірінші басшысына тікелей бағынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген, штат саны жиырма бес адамнан аз мемлекеттік органдарда осы баптың 2-тармағында белгіленген функциялар мемлекеттік орган қызметкерлерінің біріне негізгі функционалдық міндеттерінен босатылмай жүктеледі.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше) өз қызметін арнаулы мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қызметінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, уәкілетті орган бекіткен үлгілік ереженің негізінде әзірленген ереже негізінде жүзеге асырады.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше) уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасайды.

4. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

5. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше) мемлекеттік орган жойылған (таратылған) немесе қайта ұйымдастырылған жағдайларды қоспағанда, осы баптың 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органның штат саны бойынша (штаттық кестесінен) алып тасталуға жатпайды.

40-бап. Масс-медида балаға қатысты кибербуллинг фактілерін қарау мәселелері бойынша өтініштер

1. Балаға қатысты кибербуллинг фактілері анықталған жағдайда азамат не баланың заңды өкілі құқыққа қайшы әрекеттер орын алған масс-медианың атауын көрсете отырып, балаға қатысты жасалып жатқан кибербуллинг фактілері туралы өтінішпен уәкілетті органға жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында жүгінуге құқылы.

Жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында берілген өтініштер қол қойылып жіберіледі және (немесе) электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылады.

Балаға қатысты кибербуллинг фактілері бойынша өтінішті сараптама тобы ол келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды.

Сараптама тобын құру, сондай-ақ балаға қатысты кибербуллинг фактілері бойынша өтінішті қарау тәртібін уәкілетті орган айқындайды. Жауап мемлекеттік тілде немесе жүгіну тілінде ұсынылады.

Сұратылатын ақпарат бірнеше ақпарат иеленушінің құзыретіне кіретін және өтінішке жауап беру кезінде өзге ақпарат иеленушілерден ақпарат алу талап етілетін жағдайларда, уәкілетті орган қарау мерзімін күнтізбелік он бес күннен аспайтын

мерзімге бір рет ұзартуы мүмкін, ал өтініш берушіге қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде хабар беріледі.

2. Егер өтініш мазмұнында балаға қатысты кибербуллинг фактілері жасалып жатқан масс-медиа көрсетілмесе, өтінішті қараудан бас тартылады.

3. Кибербуллинг фактілері бойынша азаматтың не баланың заңды өкілінің өтінішіне жауап ұсынбағаны немесе уақтылы ұсынбағаны үшін уәкілетті органның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

4. Өтінішті қараудан бас тартуға азамат не баланың заңды өкілі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

Ескертпе. Осы баптың мақсатында кибербуллинг деп масс-медиа пайдаланыла отырып жасалған, балаға қатысты қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан да көп) әрекеттер, баланы қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер түсініледі.

41-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі қоғамдық-кәсіптік кеңестер

1. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі қоғамдық-кәсіптік кеңес медиасаланы дамыту мақсатында ерікті негізде құрылады.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі қоғамдық-кәсіптік кеңес өз қызметін уәкілетті орган бекіткен үлгілік ереже негізінде жүзеге асырады.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі қоғамдық-кәсіптік кеңестер республикалық деңгейде де, өңірлік деңгейде де ұйымдастырылуы мүмкін.

4. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі республикалық қоғамдық-кәсіптік кеңес бұқаралық ақпарат құралдарының кәсіптік қоғамдастығы өкілдерінен қалыптастырылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі өңірлік қоғамдық-кәсіптік кеңестер жергілікті кәсіптік қоғамдастықтарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінен қалыптастырылады.

5. Журналистердің әдеп кодексін әзірлеу бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі қоғамдық-кәсіптік кеңестердің негізгі функциясы болып табылады.

6. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі қоғамдық-кәсіптік кеңестердің ұсынымдары мемлекеттік органдардың міндетті түрде қарауына және ден қоюына жатады.

6-тарау. ТЕЛЕРАДИО ХАБАРЛАРЫН ТАРАТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

42-бап. Телерадио хабарларын тарату субъектілері

Телерадиокомпаниялар, телерадио хабарларын тарату операторлары, теле-, радиобағдарламаларды жасаушылар мен дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын таратушылар Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын тарату субъектілері болып табылады.

43-бап. Телерадиокомпания

1. Телерадиокомпания теле-, радиоарналарды қалыптастырып, оларды телерадио хабарларын тарату желілерінде одан әрі тарату жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

2. Телерадиокомпаниялар:

1) уәкілетті органда теле-, радиоарнаны бұқаралық ақпарат құралы ретінде есепке қоюды жүзеге асырады;

2) қалыптастырылатын теле-, радиоарналардың техникалық параметрлерінің телерадио хабарларын таратудың ұлттық стандарттарының талаптарына, сондай-ақ телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлеріне сәйкес сақталуын қамтамасыз етеді;

3) телерадио хабарларын таратудың техникалық құралдарын телерадио хабарларын тарату операторларының желілеріне қосу, телерадио хабарларын тарату жүйелерін техникалық пайдалану қағидаларына және телерадио хабарларын таратудың ұлттық стандарттарының талаптарына, сондай-ақ телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлеріне сәйкес теле-, радиоарналардың теле-, радиобағдарламаларды беру сапасын қамтамасыз етеді;

4) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген сәйкестік сертификаттары бар теле-, радиоарналарды қалыптастырудың техникалық құралдарын пайдаланады.

44-бап. Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, акциялар пакетінің жүз пайызы мемлекетке тиесілі, телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісін күтіп-ұстау мен дамыту жөніндегі міндеттер жүктелген заңды тұлға телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы болып табылады.

2. Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес телерадиокомпаниялармен және телерадио хабарларын тарату операторларымен жасалған шарттардың негізінде телерадиокомпаниялар мен телерадио хабарларын тарату операторларына телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісін пайдалануға тең құқық береді;

2) телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісінің біртұтас мүліктік кешенінің сақталуын қамтамасыз етеді;

3) телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісін күтіп-ұстау мен пайдалануды жүзеге асырады;

4) заманауи озық технологиялар негізінде телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісін дамыту мен жаңғыртуды жүзеге асырады;

5) міндетті теле-, радиоарналарды және еркін қолжетімді теле-, радиоарналарды трансляциялауды жүзеге асырады;

6) жасалған шарттар негізінде цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату желісінде еркін қолжетімді теле-, радиоарналарды трансляциялауды белгіленген тарифтерге сәйкес жүзеге асырады;

7) теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі көрсетілетін қызметтерге тарифтерді өзінің интернет-ресурсында жариялайды;

8) цифрлық эфирлік хабар тарату желісінің цифрлық және аналогтік эфирлік хабар тарату желілерінде міндетті теле-, радиоарналарды таратуға арналған спутникте спутниктік ресурсты резервке қоюды қамтамасыз етеді.

Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы телекоммуникация желілерінде телегазет тарату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде уәкілетті орган телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторына телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісі бойынша мемлекеттік емес теле-, радиоарналардың трансляциясын және (немесе) ретрансляциясын аналогтік және цифрлық телерадио хабарларын тарату арқылы қамтамасыз ету жөніндегі шығындарын өзге қаржыландыру көздері болмағанда төтенше жағдайдың бүкіл қолданылу мерзімінде ұлттық оператор белгілеген тарифтерге сәйкес өтейді.

Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға толық көшкеннен кейін телерадио хабарларын тарату желілерін өз қаражаты есебінен одан әрі дамытуды жүзеге асырады.

45-бап. Телерадио хабарларын тарату операторлары

1. Телерадио хабарларын тарату операторлары телекоммуникация желілерінде:

1) теле-, радиоарналар топтамаларын трансляциялау және (немесе) ретрансляциялау ;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес телерадиокомпаниялармен жасалған шарттардың негізінде теле-, радиоарналарды трансляциялау және (немесе) ретрансляциялау;

3) егер телерадио хабарларын тарату операторлары мен телерадиокомпаниялар арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, теле-, радиоарналарды теле-, радиобағдарламаларының мазмұнын өзгертпей ретрансляциялау арқылы теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

Осы тармақшаның ережесі осы Заңның 58-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларға қолданылмайды;

4) осы Заңның 22-бабына сәйкес есепке қою рәсімінен өткен шетелдік теле-, радиоарналарды телерадио хабарларын тарату операторы мен шетелдік телерадиокомпания немесе Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен тіркелген шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) арасында жасалған шарттардың негізінде трансляциялау және (немесе) ретрансляциялау;

5) міндетті теле-, радиоарналарды, еркін және шартты қолжетімді теле-, радиоарналарды трансляциялау және (немесе) ретрансляциялау арқылы теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

Телерадио хабарларын тарату операторлары телекоммуникация желілерінде телегазет тарату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқылы.

2. Телерадио хабарларын тарату операторлары:

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген сәйкестік сертификаттары бар техникалық құралдарды теле-, радиоарналарды тарату үшін пайдалануға;

трансляциялауды және (немесе) ретрансляциялауды телерадио хабарларын таратудың техникалық пайдалану қағидаларына және телерадио хабарларын таратудың ұлттық стандарттарының талаптарына сәйкес жүзеге асыруға;

цифрлық форматта сигнал алу және контентті жеткізудің цифрлық технологияларын пайдалану кезінде цифрлық телерадио хабарларын тарату стандарттарына сәйкес бағдарламалық лек жылдамдығымен цифрлық форматта өзі пайдаланатын барлық желідегі теле-, радиоарналар сигналдарын трансляциялауды қамтамасыз етуге;

телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлеріне сәйкес отандық теле-, радиоарналарды трансляциялауды және (немесе) ретрансляциялауды жүзеге асыруға міндетті.

46-бап. Теле-, радиобағдарламаларды жасаушы

1. Теле-, радиобағдарламаларды жасауға маманданған жеке немесе заңды тұлға теле-, радиобағдарламаларды жасаушы болып табылады.

2. Теле-, радиобағдарламаларды жасаушылар мен телерадиокомпаниялар арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

47-бап. Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия

Телерадио хабарларын тарату саласындағы қоғамдық мүдделерді ескеру және қорғау, сондай-ақ халықтың теле-, радиоарналарға қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында уәкілетті орган жанынан уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен консультативтік-кеңесші орган – телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия құрылады.

48-бап. Телерадио хабарларын тарату желілері

1. Телерадио хабарларын тарату желілері Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасына сәйкес біртұтас телекоммуникация желісінің құрамдас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің аумағында теле-, радиоарналарды тарату және трансляциялау үшін пайдаланылатын жерүсті және спутниктік хабар тарату жүйелерінің біртұтас өндірістік-технологиялық кешенін құрайды.

2. Мемлекеттік теле-, радиоарналарды тарату және трансляциялау үшін телерадио хабарларын тарату операторларының техникалық құралдары мен арналары пайдаланыла отырып, біртұтас телекоммуникация желісіне негізделетін республикалық және өңірлік телерадио хабарларын тарату желілері құрылады.

3. Телерадиокомпаниялар және телерадио хабарларын тарату операторлары теле-, радиоарналарын тарату және трансляциялау үшін қазіргі бар телекоммуникация желілерін жасалған шарт талаптарымен пайдалануға құқылы.

4. Телерадио хабарларын тарату желілері меншік нысанына қарамастан, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы халықты құлақтандыру үшін, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде пайдаланылады. Телерадио хабарларын тарату желілерін көрсетілген мақсаттарда пайдалану тәртібін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

5. Телерадиокомпаниялар және телерадио хабарларын тарату операторлары табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде халықты құлақтандыруды меншік нысанына қарамастан міндетті түрде жүзеге асырады.

6. Егер техникалық жағдайлар мүмкіндік берсе, тұрғын үйлерде кәбілдік желілерді тарту үшін инженерлік инфрақұрылым объектілері барлық кәбілдік телерадио хабарларын тарату операторларына бірдей шарттармен беріледі.

49-бап. Телерадио хабарларын тарату қызметтеріне арналған тарифтер

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, телерадио хабарларын тарату операторлары көпарналы хабар таратуда және телекоммуникация желілерінде теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді негізделген шығындар негізінде өз бетінше белгілейді.

50-бап. Телерадио хабарларын таратудың ұлттық мүдделерін қорғау

1. Отандық телеарналардың телерадио хабарларын таратудың апта сайынғы көлемінде жарнаманы қоспағанда, отандық телебағдарламалар саны:

- 1) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – кемінде елу бес пайызды;
- 2) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап кемінде алпыс пайызды құрауға тиіс.

Осы тармақтың талабы халықаралық келісімдер негізінде хабар тарататын телеарналарға қолданылмайды.

2. Отандық радиоарналардың радио хабарларын таратудың апта сайынғы көлемінде жарнаманы қоспағанда, қазақстандық авторлардың не орындаушылардың музыкалық туындылары мен отандық радиобағдарламалар саны:

- 1) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – кемінде елу бес пайызды;
- 2) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап кемінде алпыс пайызды құрауға тиіс.

51-бап. Спутниктік телерадио хабарларын тарату операторлары шығындарының бір бөлігін субсидиялау тәртібі

1. Жеке немесе заңды тұлғаларды отандық спутниктік құрылғыларды сатып алуға ынталандыру спутниктік телерадио хабарларын тарату операторларының спутниктік қабылдау құрылғыларын өткізуге жұмсалатын шығындарының бір бөлігін субсидиялаудың мақсаты болып табылады.

2. Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторын қоспағанда, спутниктік телерадио хабарларын тарату операторларының спутниктік қабылдау құрылғыларын өткізуге арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау бюджет қаражаты есебінен уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Спутниктік телерадио хабарларын тарату операторлары шығындарының бір бөлігін субсидиялау мынадай шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

- 1) аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде тұратын тұрғындардың спутниктік қабылдау құрылғыларын сатып алуы;
- 2) телерадио хабарларын тарату операторының теле-, радиоарналарды байланыс спутниктерінде орналастырылатын ретрансляторлар арқылы таратуы;
- 3) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес телерадио хабарларын тарату саласындағы лицензияның болуы;
- 4) елу мыңнан аспайтын тұрғыны бар кемінде он елді мекенде меншік немесе пайдалану құқығында меншікті сату желісін иелену.

4. Уәкілетті орган спутниктік телерадио хабарларын тарату операторларынан келіп түскен өтінімдерді қарау үшін шығындарды субсидиялау не одан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін өтінімдерді қарау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияны құрады.

5. Субсидиялар алған спутниктік телерадио хабарларын тарату операторлары жыл сайын субсидияларды іске асырудың тиімділігіне талдау жүргізеді және оны уәкілетті органға жібереді.

6. Спутниктік телерадио хабарларын тарату операторлары шығындарының бір бөлігін субсидиялауды ұсыну, бақылау, мониторингтеу және оның тиімділігін бағалау уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

52-бап. Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру

1. Жеке тұлғалардың ақпаратқа, сөз бостандығына, пікірлерді білдіру және пікірлердің әралуандығын дамыту құқықтарын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының біртұтас ақпараттық кеңістігін сақтау және қамтамасыз ету, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясаты саласындағы мемлекеттік саясатты жария ету, елдің мәдени мұрасын сақтау және дамыту мақсатында мәдени, ғылыми-білім беру, танымдық-ағарту және басқа да әлеуметтік маңызы бар және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылуға міндетті ақпараттың жиынтығын құрайтын міндетті теле-, радиоарналардың тізбесі қалыптастырылады.

2. Міндетті мемлекеттік емес теле-, радиоарналардың тізбесі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен конкурстық негізде қалыптастырылады.

Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның ұсынымы бойынша міндетті мемлекеттік теле-, радиоарналардың тізбесі конкурс өткізілмей қалыптастырылады және оны уәкілетті орган бекітеді.

3. Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру жылына бір реттен асырмай жүзеге асырылады. Теле-, радиоарнаның меншік иесі теле-, радиоарнаны көрсетілген тізбеге енгізуден ерікті түрде бас тартқан немесе одан алып тастаған жағдайда, ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті органның шешімі бойынша бос орынға қайта конкурс өткізіледі.

53-бап. Еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру

1. Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесі:

1) осы Заңның 69-бабының 4-тармағына сәйкес цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарататын теле-, радиоарналар топтамасына енгізілген теле-, радиоарналардан;

2) осы баптың 2-тармағына сәйкес айқындалған теле-, радиоарналардан қалыптасады.

2. Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның ұсынымы бойынша телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру уәкілетті орган айқындаған тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылады.

3. Телерадио хабарларын тарату операторлары еркін қолжетімді теле-, радиоарналарды телерадиокомпаниялармен жасалған шарттардың негізінде таратуға құқылы.

54-бап. Телерадио хабарларын тарату қызметін лицензиялау

Уәкілетті орган телерадио хабарларын тарату қызметін лицензиялауды "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырады.

55-бап. Телерадио хабарларын тарату мақсаттары үшін радиожілік спектрін пайдалану

1. Телерадио хабарларын тарату мақсаттары үшін жиіліктер белдеулерін, радиожіліктерді (радиожілік арналарын) бөлу уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2. Байланыс саласындағы уәкілетті орган телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның шешімі негізінде телерадио хабарларын тарату мақсаттары үшін жиіліктер белдеулерін, радиожіліктерді (радиожілік арналарын) пайдалануға арналған рұқсатты береді.

Телерадио хабарларын тарату мақсаттары үшін жиіліктер белдеулерін, радиожіліктерді (радиожілік арналарын) пайдалануға арналған рұқсатта техникалық құралдардың орналасқан жері, оның ішінде типтері, географиялық координаттары, сондай-ақ пайдаланылатын таратушы радиоэлектрондық құралдардың нақты қуаты көрсетілген антенна құрылғыларының орналасуы көрсетілуге тиіс.

3. Байланыс саласындағы уәкілетті орган телерадио хабарларын тарату мақсаттары үшін радиожіліктерді есептеуді, оны радиожілік органдарымен келісуді және халықаралық үйлестіруді жүргізеді.

56-бап. Телерадио хабарларын таратудың техникалық құралдарына қойылатын талаптар

1. Теле-, радиоарналарды қалыптастырудың, трансляциялаудың, ретрансляциялаудың және (немесе) қабылдаудың техникалық құралдарының "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкестігі расталуға жатады.

2. Өзге радиотаратқыш және (немесе) радиоқабылдағыш байланыс құралдарына бөгеуілдер жасайтын және мәлімделген техникалық параметрлерге сәйкес келмейтін, телерадио хабарларын тарату сигналын қабылдайтын және беретін радиоэлектрондық құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

57-бап. Қосымша ақпаратты тарату

1. Қосымша ақпарат мазмұны телерадио хабарларын тарату сигналының құрамында берілетін негізгі телебағдарламаның мазмұнына байланысты емес, бір жиілік және (немесе) эфир уақыты пайдаланыла отырып, негізгі бағдарламамен бір уақытта трансляцияланатын әріптік, цифрлық, графикалық ақпаратты білдіреді.

2. Коммерциялық жарнама сипатындағы қосымша ақпараттың мөлшері кадр алаңының жиырма бес пайызынан аспауға және телебағдарламалардағы мәтіндік немесе ақпараттық материалды бұзбауға тиіс.

58-бап. Теле-, радиоарнаны, теле-, радиобағдарламаны ретрансляциялау

1. Теле-, радиоарнаны, теле-, радиобағдарламаны ретрансляциялау, егер телерадио хабарларын тарату операторлары мен құқық иеленуші – телерадиокомпания арасында жасалған шартта өзгеше көзделмесе, сондай-ақ осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, мазмұнына өзгерістер енгізілместен жүзеге асырылады.

2. Телерадио хабарларын тарату операторлары Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік теле-, радиоарналарды ретрансляциялау кезінде:

1) әлеуметтік жарнаманы;

2) тікелей эфирде немесе тікелей эфирдің қайталама жазбасында трансляцияланатын оқиға орнында орналастырылатын жарнаманы;

3) тек жарнама сипатындағы хабарлар мен материалдарға маманданған шетелдік теле-, радиоарналар тарататын жарнаманы қоспағанда, жарнаманың таратылуына жол бермеуге тиіс.

Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік теле-, радиоарналарды ретрансляциялау кезінде үшінші тұлғалардың жарнамасын қамтымайтын теле-, радиоарналардың өз өнімі туралы ақпаратты (анонстарды) таратуға жол беріледі.

3. Теле-, радиоарнаны, теле-, радиобағдарламаны ретрансляциялауға телерадио хабарларын тарату операторы мен телерадиокомпания немесе Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен тіркелген шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) арасында жасалған шарттың негізінде ғана жол беріледі.

4. Теле-, радиоарналарды, теле-, радиобағдарламаларды ретрансляциялауға байланысты құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Отандық теле-, радиоарналардың апта сайынғы хабар тарату көлемінде шетелдік теле-, радиоарналардың теле-, радиобағдарламаларын ретрансляциялау теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлемінің он пайызынан аспауға тиіс.

59-бап. Теле-, радиоарналарды көпшілікке көрсету үшін тарату

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар ғимараттарының күту залдарында көпшілікке көрсету үшін тек отандық теле-, радиоарналар таратылады.

7-тарау. ТЕЛЕРАДИО ХАБАРЛАРЫН ТАРАТУ ТҮРЛЕРІ

60-бап. Аналогтік эфирлік телерадио хабарларын тарату

1. Аналогтік эфирлік телерадио хабарларын тарату сигналды өндеудің аналогтік әдістері пайдаланылатын теле-, радиоарналарды тарату жүйесін білдіреді.

2. Аналогтік эфирлік телерадио хабарларын тарату арқылы теле-, радиоарналарды тарату осы Заңның 55-бабына сәйкес берілген, жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) пайдалануға арналған рұқсат және теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензия болған кезде жүзеге асырылады.

61-бап. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату

1. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату бірегей сигналды цифрлау (жинау) әдістемесін пайдалана отырып, жер үстіндегі хабар беруші станциялар арқылы теле-, радиоарналарды тарату жүйесін білдіреді.

2. Телерадио хабарларын тарату операторларының цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату арқылы теле-, радиоарналарды таратуы осы Заңның 55-бабына сәйкес берілген, жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) пайдалануға арналған рұқсаты және теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензиясы болған кезде жүзеге асырылады.

62-бап. Спутниктік телерадио хабарларын тарату

1. Спутниктік телерадио хабарларын тарату байланыс спутниктерінде орналастырылатын ретрансляторлар арқылы теле-, радиоарналарды тарату жүйесін білдіреді.

2. Спутниктік телерадио хабарларын тарату Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында телерадио хабарларын тарату сигналдарын таратуға арналған.

3. Телерадио хабарларын тарату операторларының спутниктік телерадио хабарларын тарату арқылы теле-, радиоарналарды таратуы жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) пайдалануға арналған рұқсаты және теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензиясы болған кезде жүзеге асырылады.

4. Телерадио хабарларын тарату операторларының көрсетілетін қызметтеріне шартты қолжетімді карталарды және телерадио хабарларын тарату саласында лицензиясы жоқ және Қазақстан Республикасының аумағында меншікті спутниктік хабар тарату жүйелері жоқ телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радио сигналын жеке-дара қабылдауға арналған жабдықты таратуға тыйым салынады.

5. Телерадио хабарларын тарату саласында лицензиясы жоқ және Қазақстан Республикасының аумағында меншікті спутниктік хабар тарату жүйелері жоқ телерадио хабарларын тарату операторларының көрсетілетін қызметтеріне төлем жасауға тыйым салынады.

6. Дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын таратушылардың қызметі телерадио хабарларын тарату қызметтерін көрсету қағидаларында айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.

63-бап. Кәбілдік телерадио хабарларын тарату

1. Интернет желісіне қол жеткізу қызметтерін көрсету үшін абоненттік желілерді қоспағанда, кәбілдік телерадио хабарларын тарату кәбілдік және эфирлік-кәбілдік желілер арқылы теле-, радиоарналарды тарату жүйесін білдіреді.

2. Телерадио хабарларын тарату операторларының кәбілдік және эфирлік-кәбілдік телерадио хабарларын тарату арқылы теле-, радиоарналарды таратуы теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензия негізінде жүзеге асырылады.

3. Телерадио хабарларын тарату операторларының эфирлік-кәбілдік телерадио хабарларын тарату арқылы теле-, радиоарналарды таратуы осы Заңның 54-бабына сәйкес берілген, жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) пайдалануға арналған рұқсаты болған кезде жүзеге асырылады.

4. Кәбілдік телерадио хабарларын тарату операторлары міндетті теле-, радиоарналардың трансляциясын және (немесе) ретрансляциясын кәбілдік телерадио хабарларын тарату операторлары мен міндетті теле-, радиоарнаның құқық иеленушісі – телерадиокомпания арасындағы өзара есепке жатқызу негізінде жүзеге асырады.

64-бап. Телекоммуникация желілерін пайдаланып телерадио хабарларын тарату

1. Телекоммуникация желілерінде телерадио хабарларын тарату телекоммуникация хабарларының берілуін қамтамасыз ететін телекоммуникациялардың техникалық

құралдары мен байланыс желілері пайдаланылатын теле-, радиоарналарды тарату жүйесін білдіреді.

2. Телекоммуникация желілерінде теле-, радиоарналарды тарату теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензия негізінде жүзеге асырылады.

65-бап. Дара спутниктік қабылдау

1. Жеке және заңды тұлғалардың теле-, радиоарналарды дара спутниктік қабылдауы одан әрі ретрансляциялау құқығынсыз жүзеге асырылады.

2. Телевизиялық сигналдың дара спутниктік қабылдауын қамтамасыз ету үшін "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкестігін растаудан өткен дара спутниктік қабылдау құрылғылары пайдаланылуға тиіс.

66-бап. Теле-, радиоарналарды ұжымдық қабылдау жүйесі

1. Теле-, радиоарналарды ұжымдық қабылдау жүйесі – бір ғимарат және (немесе) бірнеше ғимарат шегінде теле-, радиоарналарды қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін техникалық құралдар кешені.

2. Теле-, радиоарналарды ұжымдық қабылдау жүйесін ұйымдастыру жөніндегі коммерциялық мақсаттарды көздейтін қызмет кәбілдік телерадио хабарларын таратуға теңестіріледі және теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензиялануға жатады.

3. Коммерциялық мақсаттарды көздемейтін, бір ғимарат шегіндегі ұжымдық қабылдау жүйесі ғимараттың меншік иелерінің жазбаша келісімімен ғана орнатыла алады. Егер осы ғимараттардың меншік иесі бір ғана жеке немесе заңды тұлға болып табылса, коммерциялық мақсаттарды көздемейтін, бірнеше ғимарат шегіндегі ұжымдық қабылдау жүйесі орнатыла алады.

4. Ұжымдық қабылдау жүйелері телерадио хабарларын таратудың басқа операторларының хабар тарату сапасына әсер етпеуге тиіс.

8-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

67-бап. Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

1. Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

2. Азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетіне немесе ұйымның (мемлекеттік органның, азаматтардың қоғамдық, шығармашылық, ғылыми, діни не өзге де бірлестігінің және заңды тұлғалардың) іскерлік беделіне нұқсан келтіретін, шындыққа

сай келмейтін мәліметтерді тарату, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сотқа ықпал жасау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа алып келеді.

3. Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасын бұзғаны үшін мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың оған кінәлі лауазымды адамдары, сондай-ақ масс-медианың меншік иесі, бұқаралық ақпарат құралының таратушысы, бұқаралық ақпарат құралының бас редакторы (редакторы), таратылған хабарлар мен материалдардың авторлары жауапты болады.

4. Масс-медианың меншік иесі, бұқаралық ақпарат құралының бас редакторы (редакторы) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, есірткіні, психотроптық заттарды, сол тектестерді және прекурсорларды, жарылғыш заттар мен жарғыш құрылғыларды, қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа бас ұруды және порнографияны насихаттайтын немесе үгіттейтін хабарлар мен материалдарды таратқаны үшін, олардың алынған дереккөздеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

5. Масс-медиа, егер мұндай ақпаратты тарату ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстар жасауда сот кінәлі деп таныған кәмелетке толмағандарды қоспағанда, құқыққа қайшы әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен кәмелетке толмаған адамның және әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілген және (немесе) айып тағылған кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, таратылатын хабарлар мен материалдарда олардың ата-аналары және өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, осы Заңның 14-бабының 5-тармағында көрсетілген ақпаратты жария етуге құқылы емес.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпарат:

1) құқыққа қайшы әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен он төрт жасқа толған кәмелетке толмаған адамның және оның заңды өкілдерінің;

2) құқыққа қайшы әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен он төрт жасқа толмаған кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдерінің;

3) әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған он алты жасқа толған кәмелетке толмаған адамның және оның заңды өкілдерінің келісімімен масс-медиада таратылуы мүмкін.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген адамдардың бірі масс-медиада ақпарат таратуға өз келісімін бермеген жағдайда, мынадай:

1) он төрт жасқа толған және құқыққа қайшы әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен кәмелетке толмаған адамның немесе егер заңды өкіл осы құқыққа қайшы әрекеттердің (әрекетсіздіктердің) жасалуына күдікті немесе айыпталушы болып табылса, оның заңды өкілдерінің келісімінсіз;

2) зардап шеккен кәмелетке толмаған адамның бір заңды өкілі Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде болған және оның келісімін алу мүмкін болмаған жағдайда екінші заңды өкілінің келісімімен болатын жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты таратуға тыйым салынады.

6. Масс-медиа қылмысты тергеп-тексеруге, қылмыс жасауға қатысы бар адамдарды анықтауға, жоғалған кәмелетке толмағандарға іздеу салуға жәрдемдесу мақсатында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті көлемде және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде белгіленген талаптарды сақтай отырып, қылмыстық процесті жүргізетін органдардан алынған процестік құжаттар негізінде осы баптың 5-тармағының екінші бөлігінде белгіленген адамдардың келісімін алмай, кәмелетке толмаған адамға қатысты мәліметтерді таратуға құқылы.

7. Журналистің (бұқаралық ақпарат құралдары өкілінің) заңды кәсіби қызметіне кедергі жасау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

68-бап. Шындыққа сай келмейтін мәліметтерді таратқаны үшін жауаптылықтан босатылатын жағдайлар

Бұқаралық ақпарат құралы, сол сияқты оның бас редакторы (редакторы), журналисі шындыққа сай келмейтін мәліметтерді таратқаны үшін, егер олар:

1) ресми хабарларда қамтылса;

2) бұқаралық ақпарат құралының журналистік сұрау салуына берілген жауапта қамтылса немесе бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлғаның (бөлімшенің) материалдарынан алынса;

3) жарнама берушілерден және жарнама жасаушылардан алынса;

4) таратылуына заңды күшіне енген сот актілерінде немесе Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған немесе өзгеше түрде шектеу қойылған ақпаратты таратуды қоспағанда, өкілді органдар депутаттарының, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды немесе уәкілетті адамдарының, жеке және заңды тұлғалардың ресми сөйлеген сөздерінің сөзбе-сөз қайталанып берілуі болса;

5) алдын ала жазылып алынбай эфирге шығарылатын авторлық сөздерде не осы Заңға сәйкес редакциялауға жатпайтын мәтіндерде қамтылса;

6) таратылуына заңды күшіне енген сот актілерінде немесе Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған немесе өзгеше түрде шектеу қойылған ақпаратты таратуды қоспағанда, өз хабарында осы хабарды таратқан бұқаралық ақпарат құралына сілтеме көрсетілген жағдайда уәкілетті органда есепке қойылған басқа бұқаралық ақпарат құралы таратқан хабарларда, материалдарда немесе олардың фрагменттерінде қамтылса;

7) осы Заңның 37-бабына сәйкес белгіленген міндетті хабарларда қамтылса, жауапты болмайды.

9-тарау. ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

69-бап. Өтпелі ережелер

1. Уәкілетті органның цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшу мерзімдерін белгілеу жөніндегі актілерінде айқындалған әкімшілік-аумақтық бірліктерді қоспағанда, цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшкенге дейін аналогтік эфирлік телерадио хабарларын таратудың жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі.

2. Уәкілетті орган цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшудің уәкілетті орган айқындаған тәртібіне сәйкес цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшу мерзімдерін оған көшкенге дейін кемінде алты ай бұрын белгілейді.

Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшкенге дейін мемлекеттік емес еркін қолжетімді теле-, радиоарналарды тарату бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігінің аумағында цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшу цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшудің уәкілетті орган айқындаған тәртібі мен мерзімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшкенге дейін телеарналар үшін барлық бұрын берілген телевизиялық хабарларды таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензиялар мен жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) пайдалануға арналған рұқсаттар қолданылады. Бұл ретте телерадиокомпаниялар осы Заңның талаптарына сәйкес цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшкеннен кейінгі бір жыл ішінде телеарналарды есепке қоюды жүзеге асыруға міндетті.

4. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшу кезінде әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында аналогтік жиіліктер белдеулері, радиожііліктер (радиожіілік арналары) арқылы таратылатын телеарналар осы жиіліктерді, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) босатады.

Әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында аналогтік жиіліктер белдеулері, радиожііліктер (радиожіілік арналары) арқылы таратылатын телеарналарды уәкілетті орган нақ осы әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында конкурс өткізбестен цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату желісіндегі еркін қолжетімді теле-, радиоарналар тізбесіне міндетті түрде қосады.

Телеарна еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың бекітілген тізбесінде болмаған жағдайда телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы техникалық мүмкіндік

болған кезде хабар таратудың цифрлық эфирлік желісі арқылы таратылатын теле-, радиоарналар топтамасының құрамына оны өз бетінше қосуға құқылы.

Осы теле-, радиоарналарды тарату жасалған шарттар негізінде белгіленген тарифтерге сәйкес жүзеге асырылады.

5. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшкеннен кейін уәкілетті орган айқындаған тізбе бойынша цифрлық эфирлік телехабар таратумен қамтылмайтын әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағындағы аналогтік жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) қоспағанда, аналогтік телерадио хабарларын тарату кезінде телеарналарға берілген радиожіілік спектрін пайдалануға арналған рұқсаттар мен теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензиялар өз қолданысын тоқтатады.

6. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату арқылы еркін қолжетімді теле-, радиоарналарды трансляциялауды қамтамасыз ету мақсатында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) пайдалануға арналған рұқсатты конкурс өткізілместен алады.

7. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшкенге дейін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

Жалғамалармен қамтамасыз ету жеке өзінің атынан немесе отбасының және өзімен үнемі бірге тұратын басқа да адамдардың атынан жүгінген бір мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыға бір жалғама деген есеппен жүргізіледі.

Жалғамалармен қамтамасыз ету біржолғы болып табылады, жалғамалар алушыға, оның отбасы мүшелеріне және онымен үнемі бірге тұратын басқа адамдарға қайта берілмейді.

70-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 11) тармақшасын, 7-баптың 5) тармақшасын, 32-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 4) тармақшасын, 33-бапты қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабы 35) тармақшасының күші 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"35) республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырыс – бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылатын, бюджет

қаражаты есебінен мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған тапсырыс;".

3. Мыналардың:

1) "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының;

2) "Телерадио хабарларын тарату туралы" 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК